

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 218 (9536)

1954 жылғы

2

ноябрь Сейсенбі

Шығуына 35 жыл,  
жеке саны 20 тыйын.

## Мал шаруашылығы өнімділігін арттыра берейік

Қазір еліміздің халықтарының, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің мал шаруашылығының өнімдері жөніндегі қажеті барған сайын өлшеусіз өсуде. Мұның өзі колхоз, совхоз және МТС еңбекшілерінің алдына мал шаруашылығын онан әрі өркендетумен бірге, оның өнімділігін барған сайын арттыра беру міндетін қойып отыр.

СОКП Орталық Комитеті осы міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуына шақырып, өзінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған ұрандарында былай дейді:

—Колхоздардың, совхоздардың және машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендете беріңдер, мал санын небейтуге және оның өнімділігін арттыруға жетісіңдер! Малдың жақсы қыстап шығуын қамтамасыз етейік! Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік!

Партиямыз бен үкметіміз алға қойып отырған өмірлік маңызы бар, аса зор міндетті ойдағыдай орындау үшін партия, совет ұйымдары ауылшаруашылық органдарының басшылары дайындау органдарының қызметкерлері ауыл шаруашылығының маңызды салаларының бірі болып табылатын мал шаруашылығына басшылықты күшейтулері қажет.

Қоғамдық малдарды күту, азықтандыру және тұқымын жақсарту жұмыстарын ойдағыдай жүргізе отырып, мал шаруашылығы өнімдерін еселей арттырып отырғанын азат колхозшылар мен совхоз жұмысшылары облысымызда аз емес. Мәселен, Петропавл совхозының сауыншысы Ливичка жолдас сыйыр сауу ісіне азаттар тәжірибесін қолдана, сауын сыйырларды күту, азықтандыру жұмысын жақсарту отырып, үстіміздегі жылдың өткен 10 айы ішінде өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 3312 килограмм сүт алды. Сөйтіп, бұл жөніндегі жылдық тапсырманы жазірдің өзінде екі есе артық орындады. Сол сыяқты сауыншы Федулова жолдас өз қарауындағы сыйырлардың әрқайсысынан 2334 килограмм сүт саууға жетісті. Қыялы совхозының № 1 бөлімшесіндегі бұзау күтуші Н. Дарит жолдас өзіне бекітілген 50 бұзауды шығынсыз өсірумен бірге, олардың әрқайсысының тәуліктік салмақ қосуын 604 граммға жеткізді. Бұл бұзаулардың жоспарлы салмақ қосуының тәуліктік мөлшерінен анағұрлым артық.

Полудев ауданындағы «Пламя» революция колхозының мал өсірушісі М. М. Машинкин былай дейді:

«Еңбегін ұйымдастыру ісінің нашарлығында, малды күту, азықтандыру жұмыстарының зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай жүргізілмейтіндігіде деуіміз керек.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өте төмен болуы, әсіресе Приешім, Октябрь, Совет, Преснов аудандарының колхоздарында көп болып отыр. Бұл аудандарды көптеген колхоздары осы уақытқа дейін мемлекетке сүт, ет, жүн және жұмыртқа тапсырудың белгіленген жоспарларын орындаған жоқ. Мұның өзі аудан, МТС, колхоз басшыларының мал шаруашылығы өнімдерін арттыру ісіне нашар басшылық жасап отырғандарынан деп білуіміз керек. Көп аудандардың колхоздарында мал шаруашылығы өнімдерінің төмен болуының садрарынан облысымызда мемлекетке сүт тапсыру жоспары 1 октябрьге дейін небары 79,3 процент, ет тапсыру жоспары 56,3 процент орындалды. Мұнымен бірге мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сату жөніндегі жоспарлардың да орындалуы қанағаттанғысыз.

Қазір мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең — мал қыстау маусымы жақындап келеді. Мұның өзі барлық колхоздар мен совхоздарда мал қыстауға толық әзірленуді талап етеді. Сондықтан да колхоз, МТС басшылары олардағы ауыл шаруашылығының мамандары әрбір шаруашылықтың мал қыстауға әзірлігін тырнақты тексеріп, мал азығы қорын толықтырудың шараларын шұғыл жүзеге асырулары қажет. Бұл мал шаруашылығы өнімдерін қысқы маусымда да жаздағыдан кемітпеуді қамтамасыз етеді.

Мал азығының қорын толықтыру үшін барлық колхоздарда колхозшылардың көпшілігін сабан-топанды жыйнауға, мал фермаларынан алыс жерлерде шабылған шөптерді қоралар жанына тасуға жұмылдыру қажет. Сабан-топанды маялау, мал қоралары жанына шөп тасу жөнінде әрбір колхозшыға күндік тапсырмалар беріп, олардың толық орындалуын күнбе-күн қадағалап отыру керек.

Колхоздарда, мал қыстауға әзірлікті үлгілі жүргізу жөнінде МТС механизматорлары үлкен күш. Олар МТС қамтылудағы колхоздардың мал азығы базасын нығайтуға күнбе-күн қатысуға міндетті. МТС басшылары мал қоралары жанына шөп, сабан тасуға техника күшін кеңінен пайдалануды ұйымдастыруға тиіс. Сонымен бірге, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне баса көңіл аудару қажет.

## Совет Үкмет делегациясының Қытай Халық Республикасынан Москваға қайтып келуі

Қытай Халық Республикасының жарияланғанына бес жыл толуын мейрамдауға байланысты Қытайда болған Совет делегациясы Москваға қайтып келді. Г. Ф. Александров, Д. Т. Шенилов, Е. А. Фурцева, Я. С. Насридинова және В. П. Степанов жолдастар Москваға 15 октябрьде келді. Н. М. Шверник жолдас Москваға 16 октябрьде келді.

Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Москваға қайтар сапарында, Порт-Артурда және Дальний қаласында болып, онда әскери командованиенің хабарын тыңдады және бірлесіп пайдаланылып келген қытай соғыс-теңіз базасы — Порт-Артурдан совет әскерлерінің бөлімдерін әкетуге әзірлік жөнінде өзара пікір алды. Олар корабльдерде болып, ұрыстар жүргізілген тарихи орындарды көрді. Порт-Артурда олар 1904 жылы ерлікпен қаза тапқан орыс жауынгерлерінің бейіттеріне және 1945 жылы империалистік Жапонияға қарсы азаттық соғыста қаза тапқан совет жауынгерлерінің бейіттеріне веноктар қойды. Совет Үкмет делегациясының басшылары Порт-Артур және Дальний қалаларының гарнизоны мен соғыс-теңізілері ұйымдастырған көркем-өнерпазшылар концертінде болды. Концерт зор табыспен өтті.

Аньшань қаласында Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Аньшань металлургия комбинатында болып, комбинаттың механикалық, рельс прокаткалайтын, труба прокаткалайтын және басқа цехтарын көрді.

Совет Үкмет делегациясының басшылары мұнымен бірге Солтүстік-Шығыс Қытайдың ірі өнеркәсіп орталықтары — Мукдень, Чань-чунь және Харбин қалаларында болды. Олар Чань-чуньде автомобиль зауытының құрылысын көріп, құрылыстармен әңгімелесті; құрылыстар Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастарды жылы жүзбен құттықтады.

Совет Үкмет делегациясының басшылары Харбинде зығыр иіру фабрикасы мен аспаптар зауытында болып, жұмысшылармен және жұмысшы әйелдермен, инженер-техник қызметкерлерімен әңгімелесті.

17 октябрьде Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Владивостокке келді, мұнда үш күн бойына қаланың өмірімен, жергілікті партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысымен, әскерлердің өмірімен және тұрмысымен танысты, сол сыяқты Тынық мұхит соғыс флотының корабльдерінде болды. «Калинин» крейсерімен олар Находка портына барды, флоттың соғыс жорабалдарының жаттығуларын көрді. Русский аралында болды. 18 октябрьде олар Приморье өлкесінің балық өнеркәсіп қызметкерлерінің кеңесін өткізді, онда балық өнеркәсібінің жұмысын жақсарту мәселелері талқыланды.

20 октябрьде Н. С. Хрущев және Н. А. Булганин жолдастар Комсомольск қаласына келіп, мұнда бірқатар өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысты.

Қаланың партия және совет ұйымдары басшыларының Комсомольскінің өнеркәсібін онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі хабарларын тыңдады. Олар мұнымен бірге Совет Гавані қаласында болып, портты көрді, флоттың соғыс кемелерінде болды.

19 октябрьде А. И. Микоян жолдас Сахалинге келіп, мұнда ол Оңтүстік Сахалиннің балық аулау флотының жұмысымен, сол сыяқты сауда ұйымдарының жұмысымен танысты.

22 октябрьде Сахалинге Н. С. Хрущев және Н. А. Булганин жолдастар келді. Мұнда Хрущев, Булганин және Микоян жолдастар балық аулаушы колхоздардың, балық заводтарының, астық совхозының, селекциалық тәжірибе станциясының жұмысымен танысты; Оңтүстік Сахалин қаласында Сахалин облысының балық өнеркәсібі қызметкерлерінің кеңесін өткізді.

23 октябрьде Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Хабаров қаласына келіп, мұнда Хабаров өлкесінің балық өнеркәсіп қызметкерлері кеңесінің жұмысына қатысты. 26 октябрьде Чита қаласына келіп, олар облыстық ауылшаруашылық жәрмесінде болды, Агитт Бурят-Монгол ұлт округінің Могойсуйск ауданындағы С. М. Киров атындағы малшаруашылық колхозына барып, Чита облысында қой шаруашылығын өркендетудің жағдайларымен танысты.

Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Иркутскіде Ангара су электр станциясының құрылысымен, сол сыяқты, қаланың өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысты.

29 октябрьде Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Свердловск қаласына келді. Мұнда олар партия және совет ұйымдарының жұмысымен, сауданың жайымен танысты. Олар Урал машина жасау зауытында болып, оның жұмысымен танысты.

Хрущев, Булганин және Микоян жолдастардың Қызыр-Шығыс пен Сибирьдің қалалары мен селоларының еңбекшілерімен кездесулері шын жүректен зор құрмет көрсету жағдайында өтті.

30 октябрьде Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және А. И. Микоян жолдастар Москваға қайтып келді.

(СОТА).

Октябрь мерекесі алдында

жарыс

### Міндеттен аброймен орындалуда

Петропавл темір жол торабының ваго жөндеу депосының алдыңғы қатарлы вагондарды күрделі жөндеуден өткізеті цех (мастері Подкорытов жолдас) коллективі Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне арнаған СОКП Орталық Комитетінің ұрандарына зор өндірісті өрлеу үстінде қарсы алды.

Бұл цех коллективі 20 октябрь күні вагондарды күрделі жөндеуден өткізуді оңайлық өндірістік жоспарын артығымен орындап шықты. Қазірде цех коллективі октябрь айының есебіне еңбек етуде.

Вагондарды күрделі жөндеуден өткізетін цехтың Кириллов жолдас басқаратын слесарьлар бригадасы және Николаев жолдас басқаратын ағам шеберлері бригадасы тағы басқа да жеке-кеге мамандары еліміздің өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін кеңінен қолданып, өздерінің міндеттелген жұмыстарды үнемі 100—150 проценттен асыра орындауда.

Бүкіл еліміздің миллиондаған темір жолшыларындай біздің Петропавлды вагон жөндеушілері де даңқты мерек күнін өздерінің өндірістегі жаңа табыстарымен қарсы алу үшін жан аямай еңбек етіп, теміржол транспортының міне жұмыс істеуіне өздерінің желеді үлестерін қоспақ.

П. МАКАРОВ.

### Мереке құрметіне

Қаладағы Киров атындағы заводтың коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесін өндірістегі игі табыстарымен қарсы алуды күресуде.

Жақында Пак жолдас басқаратын цехтың коллективі социалистік жарыстың барысына қорытынды жасады. Барлық цех жұмысшылары қатысқан жалпы жыйналыста жарыс барысы кеңінен талқыланып, жұмыстағы кейбір кемшіліктер қатаң сынға алынды. Жыйналыста цех озаттары Хайрова, Чередниченко, Давыдова, Поряткина, Куртушев және цех мастерлері Степанова, Петрова жолдас сөз сөйлеп, цех коллективін мереке құрметіне алған міндеттемесін мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке жоспардағы тапсырманы оңмен беруге, өнімнің өзінің құнын кемітуге шақырды.

Бұл күні жарыс озаттары Лукьянова, Хайрова, Поряткина, Куртушев және цех мастерлері Степанова, Петрова жолдас сөз сөйлеп, цех коллективін мереке құрметіне алған міндеттемесін мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке жоспардағы тапсырманы оңмен беруге, өнімнің өзінің құнын кемітуге шақырды.

## БІР УЧАСТОКТЕ

Механикалық цехтың үлкен және жаңа машинада болып отыр: ол өз ісіне творчестволықпен қарайды, яғни үнемі жаңалық тауып, еңбек өнімділігін арттыра беруге болады деп ойлайды. Сондықтан технологияға өзіндік жаңалық енгізіп, қартерлерді шапшаңдатып, әдіспен өндірудің жаңа жолдарын тауып отырады. Оған оқпандай ең қиын жұмыстарды тапсырады.

Есептеп арттырудағы ең негізгі ерекшелігі мынада болып отыр: ол өз ісіне творчестволықпен қарайды, яғни үнемі жаңалық тауып, еңбек өнімділігін арттыра беруге болады деп ойлайды. Сондықтан технологияға өзіндік жаңалық енгізіп, қартерлерді шапшаңдатып, әдіспен өндірудің жаңа жолдарын тауып отырады. Оған оқпандай ең қиын жұмыстарды тапсырады.

Бұл оған двигательдің барлық күрделі бөлшектерін өңдеудің процестерін алдын-ала ойластыруға мүмкіншілік береді. Виктор Шумаков еліміздің таңдаулы токарі Павел Быковтың металл шапшаңдатылған әдіспен кесу-өңдеу жөніндегі озат әдістерін үйреніп, станоктың металл өңдеу кезінде шапшаңдатып отыр.

гамдық малдардың, оның ішінде өсірілетін асырға, сауын сыйырлардың күтімін жақсартып отырып, үстімізді жылы әрбір сауын сыйырдың сүттілігін өткен жылғыдан 500 литрге жуық арттырды. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке міндетті сүт тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алу орындарына 1350 центнер сүт сатты. Мемлекетке сүт сатудан түскен кірісі 191.200 сомға жетті. Осы табыстың есебінен колхоз жаңадан екі жүк автомашинасын, бір двигателі, сабантурағыш, 25 арба және екі радиоқабылдағыш сатып алды. Мал шаруашылығының өнімін арттыру жөніндегі мұндай мысалдар облысымыздың колхоздары мен совхоздарында көп.

Дегенмен, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру ісі бірсыпыра шаруашылықтарда қанағаттанғысыз болып отырғаны айта жетуіміз керек. Мәселен, Ұзынкөл совхозында үстіміздегі жылдың өткен 10 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан небары 1309 литрден ғана сүт сауылды. Сөйтіп, әрбір сыйырдан сүт алу жоспары орындалмады. Совхозда сыйырдың сүттілігі мұншама кем болуының салдарынан мемлекетке сүт тапсырудың жоспары бәр болғаны 84 процент орындалды. Мал шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлері де өткен жылғыға қарағанда едәуір кем болып отыр. Мұның басты себебі совхозда мал шаруашылығындағы жұмысшылардың

зоотехника мен мал дәрігерлерінің жұмысына тығыз байланысты. Сондықтан олар бұл күндері колхоз фермаларында үнемі болып, мал өсірушілердің жұмысына күнбе-күн басшылық етулері керек. Фермалардағы қысқа әзірлік жұмыстарында орын алып отырған кемшіліктері іс үстінде жоюға көмектесулері қажет. Малды азықтандырудың рациондарын дұрыс жасауды ұйымдастыра білулері тиіс.

Партия ұйымдары мал өсірушілердің социалистік жарысына күнбе-күн басшылық жасап, мал басының көбеюімен бірге мал шаруашылығы өнімдерін арттыра берудің жоғары көрсеткішіне жетісулері керек.

Бұл күндері облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері Ұлы Октябрь мерекесінің күрметіндегі социалистік жарысты барған сайын өрістете түсуде. Олар бұл жарыста СОКП Орталық Комитетінің Октябрь мерекесіне арнаған Ұрындарындағы:

—Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еңбек өнімділігін арттырып, еңбек тәртібін нығайта беріңдер! Ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын зерттеп үйреніп, кеңінен қолданыңдар! Колхоздардың қонақшы шаруашылығын нығайта беруді, колхоз табыстарын молайтып, колхозшылардың әл-ауқатын арттыра беруді қамтамасыз етейік! деген шақыруына іспен жауап беруді өздерінің негізгі міндеті деп санайды.

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ СӨТТАРЫ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

### ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СӨВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Сөветі Президиумы қаулы өтті:

Халық сөттарының сайлауы 1954 жылғы 12 декабрьде жексенбі күні өткізілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Сөветі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Сөветі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 1 ноябрь, 1954 жыл.

## В.И. Ленин Шығармаларының 34-ші томы қазақ тілінде

Қазақтың мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының қазақ тіліне аударылған 34-ші томын басып шығарды.

Томды орыс тілінен аударған Қазақстан

КП Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институты —СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс- Ленин- Сталин институтының филиалы. (ҚазТАГ).

## Мақтарал совхозының футболшылары финалға шықты

ШЫМБЕНТ. (ҚазТАГ). Мақтарал совхозының футболшылары «Урожай» спорт қорамының республикалық советінің жүлдесін алған болатын, енді олар қорамның орталық советінің кубогін алу жолындағы ойындарға ойдағыдай қатысуда. Олар Ташкентте және Новосибирскте болған аймақтық көздерінде жеңіске жетті. Көше

Башқұртстанның астанасы —Уфада жартылай финал жарысы болды. Мақтаралдықтар Белебей МТС-і футболшыларының қақпасына екі доп енгізіп, өздерінің қақпасына бірде-бір доп жібермеді, сөйтіп финалдық ойынға қатысу правосына ие болды.

шептері ғана емес. Токарь жұмыстары участогінің мастери бізге бірнеше диаграммаларды көрсетті. Олар қызыл және көкшіл бояумен боялған. Диаграмманың бірінде двигательдің қартерлерін өңдеу жөніндегі міндеттемелер көрсетілген де, екіншісінде тапсырманың орындалуы бейнелейтін қызыл сызық ай сайын жоғары көтеріліп, сол сыяқты станокшының алған міндеттемесін көрсететін көкшіл сызық та қызыл сызықтың астынан жарыстырыла қартылған.

Виктор Шумаковтың еңбек өнімділігі

жыйнақты болады. Оның тұмбачасының ішінде емена бойына керекті барлық аспаптар өзінің тиісті орындарына тәртіппен қойылған. Мәселен, ол бұрғы мен теміржескішті іздеген жерінен таба алмай, әбігерленіп көрген емес. Аспаптарды іздеп, ол жүгіріп қоймаға бармайды, ол үшін уақыт кетрудің қажеті жоқ. Токарь өзіне керекті аспаптардың барлығын жұмыс басталмастан бұрын әзірлеп, бөлшектерті өңдеуге даяр отырады. Ал ол екінші күнді тапсырысын кешке емена аяқталғаннан кейін алып, онымен

астық жұмысым үшін көп пайдасын көрсетер іздеп табамын. Үнемі оқу және еңбек әдістерін жетілдіре беру маған еменалық тапсырманың ең кем дегенде 200 проценттен орындап отыруына мүмкіншілік берді.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартып келе жатқан өндіріс озаттарының ішінде токарь Люба Яковлева да бар. Ол өзінің еменалық тапсырмасын 200-250 процент орындап, жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

А. ВЕРНИЧЕНКО.

## Еңбектегі бірлестік

Еңбек станциясының коллективі октябр айының 23 күні ішінде астық тасудың айлық жоспарын 103 процент орындап, теміржол торабы бойынша бірінші орынға шықты.

Петропавл станциясының вагондарға астық тиеудегі және оны түсірудегі жұмысшылары да соңғы айда жақсы көрсеткіштерге ие болды. Олар элеваторларға келген вагондардың айналымын 50 процентке дейін тездетіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырды.

И. МАРКОВ.



## Украинадан келген жастар Ертіс бойында қалуда

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Бітік шыққан егінді жыйнауға көмектесу үшін Украинадан келген жас колхозшылардан облыстың колхоздары мен МТС-теріне осында біржолата қалуға тілек білдірген көптеген өтініштер түсіп жатыр.


Қунарлы кең дала, суы арнасына тола аққан Ертіс Ровно облысының колхозшылары Клара Быкова мен Анна Токарскаяға өте ұнады. Бұлардың екеуі де Павлодар ауданының Сталин атындағы колхозында жұмыс істеді, егін жыйнау аяқталғаннан кейін олар осында тұпкілікті қалғысы келетінін білдірді. Артель басқармасы қыздарға пәтер үй берді, қалаған жұмысын алуды ұсынды. Шаруашылықпен танысқаннан кейін олар сауыншы болуды ұйғарды. Жас колхозшылар жаңа істі ойдағыдай меңгеруде және өздерінің туыстарын көшіп келуге шақырды.

Жас украин колхозшылары Сергей Оверчук, Андрей Дрофа және Виктор Подлесных Черкассы облысындағы өздерінің туыстарына Лозов ауданындағы тың жерді игеруге қалғанын және өздерін Наваров МТС-нің дирекциясы механизаторлық мамандық алу үшін ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесіне жібергенін хабарлады.

## Республиканың кәсіпорындарында

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Сокольный руднигінің кеніштерін ой айлық программаның мерзімінен бұрын орындалғаны туралы Лениногорда бірінші болып рапорт берді. Кеніштердің жұмыс өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда 13 процент артты.

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Жоғарғы Ертіс парохолствосы флотты толықтыру үшін Тюменьнен екі жаңа қуатты буксир алды. Семейдің кеме жөндеу заводы жаңа тас металдан жасалған баржаны суға түсірді және алты қасер жасап жатыр.



Алматы ет комбинатында үстіміздегі жылы ет консерв жасау заводу пайдалануға берілді. Ет консервілерін жасау екі есе ұлғайтылды. СУРЕТТЕ: қаңылтыр банк жасау цехында.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## МТС машина-трактор мастерскойларының филиалдары

АРМОЛА. (ҚазТАГ). Кең үйдің ішінде электр жарығы жарқырап тұр. Оның ішіндегі электр моторларының үні тұн ортасына дейін басып кетпейді. Бұл — Запорожье МТС-нің машина-трактор мастерскойының филиалы. Ол станция ұсады-басынан алыстаты «Новый быт» колхозы территориясында құрылған. Тәжірибелі механик Дыль жолдастың басшылығымен тракторшылар жөздің өзінде-ақ шын-жұртбаңды 6 тракторды жөндеп болды.

Запорожье МТС-нің трактор паркі тың жерлерді игеруге байланысты быйылғы жылы бірнеше есе көбейді. Жаңадан қо-

ныстанған механизаторлар алыс селоларда мастерскойлардың филиалын салып, трактор паркін шағын жөндеуді, сол сыяқты, барлық тіркеме ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді осы филиалдарда жүргізуді ұсынды. МТС дирекциясы станция аймағындағы колхоздарда 4 филиал ашты. Таңдап алынған үйлерге жылжымалы электр станциялары, токарлық, бұрғылау станоктары, клапандарды шифовкалайтын приборлар, сваркалайтын агрегаттар орнатылып, ұста цехтары жұмысқа қосылды.

## Миллионер колхоздар ауданы

ОСАКАРОВКА (Қарағанды облысы). (ҚазТАГ). Осакаров ауданындағы «Заветы Ильича» колхозының басқармасы 1954 жылғы жұмыстардың алдын-ала қорытындыларын шығарды. Быйыл егін шаруашылығы ғана артельге 3 миллион сом табыс келтірді. Мал шаруашылығын алынған табыс миллион сомға жуық болды. Овоц шаруашылығы мен бау шаруашылығынан көп табыс алынды. «Путь к коммунизму», Партияның XIX съезі атындағы, «Комсомол» колхоздарының табысы 1953 жылмен салыстырғанда екі есе артты.

Ауданның барлық 20 ауылшаруашылық артелі миллионер колхоздарға айналды. Олардың әрқайсысы тек астық сатуының өзінен ғана біржарым-екі миллион сомнан табыс алды.

## Запасқа шыққан жауынгерлер тың жерге жұмысқа баруда

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Балтық флотының теңізшісі Георгий Ткаченко запасқа шықты. Флотқа барғанға дейін ол тракторшы еді. Жас патриот аса зор маңызды іске— тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысу үшін Қазақстанға тұрақты жұмыс істеуге баруға тілек білдірді. Ткаченконың үлгісі бойынша оның жолдастары М. Евграфов, В. Сячон, В. Астраков, флотта өскери қызметте бірге болған басқалар да осылай істеді. Кеше запасқа шыққан жауынгерлер облыс орталығынан Жиренқопа, Ақтөбе, Жарық, Темір және басқа совхоздарға жұмысқа жүріп кетті.

Запасқа шығарылған теңізшілер мен солдаттардан облысқа 120-дан аса адам келді. Олардың көбінің тракторшылық, комбайншылық, слесарлық, токарлық, механиктік, радистік, есеп қызметтерінің мамандығы бар.

# КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

## ҚЛКЖО облыстық комитетінің IV пленумы

Жақында облыстық комсомол комитетінің кезекті пленумы болып өтті. «Облыс комсомол ұйымында идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» деген мәселе бойынша облыстық комсомол комитетінің насихат жөніндегі секретары Ж. Нұрпейісов жолдас баяндама жасады.

Пленум облыстың көптеген комсомол ұйымдарының шаруашылық саласында быйылғы жылы едәуір табыстарға жеткенін атап көрсетті. Облыс еңбекшілерінің және тыңайған жерлерді игерудің меңдегітін жоспарын асыра орындады. Мұндай табысқа комсомолдар мен жастар да ортақ.

Бүкілодақтық социалистік жарысқа облысымызда 157 комсомол-жастар трактор бригадасы ұштықты. Олардың бірқатары өндірісте елеулі жетістіктерге ие болды. Мәселен, Булаев ауданының Калинин атындағы МТС-інде Бутенко жолдастың бригадасы осы мерзім ішінде жоспардағы 6 мың гектар орнына, 9500 гектар жер жыртып, 102 центнер жавар май үнемдеуге жетісті. Мұнда әрбір шартты трактормен 1200 гектар әзер жұмыстады. Бұл бригаданың тың жерлерді игерудегі ерекше табыстары үшін БЛКЖО Орталық Комитеті мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі оны бүкілодақтық социалистік жарыста озып шыққандарға кандидат етіп тіркеді. Ал бригаданың барлық мүшелері БЛКЖО Орталық Комитетінің «Жаңа жерлерді игерені үшін» значогімен наградалды.

Сонымен бірге пленум комсомолдар мен жастардың өнеркәсіп және транспорт саласында да қажырлы еңбек етіп келе жатқанын атап көрсетті. Мәселен, қаладағы Микоян атындағы ет-консерв комбинатының жас жұмысшылары Горлов, Юхновец, Белая, Зыринова және басқа да жолдастар сменалық нормаларын үнемі екі есе және одан да артық орындап келеді.

Алайда жарысөзде сөз сөйлеген жолдастар атап көрсеткендей, шаруашылық жұмыстарында, сондай-ақ идеологиялық жұмыста облыс комсомол ұйымы әлі де кейбір кемшіліктерден арылған жоқ.

Жастардың саяси саналылығы артқан сайын олардың еңбекке социалистік көзқарасы қалыптасатыны және бекітіні мблм. Саяси білім дәрежесін көтермейінше, марксист-лениндік жөнiмпаз теорияны меңгермейінше, комсомолдар мен жастар

коммунистік құрылыстың нағыз белсенді күрескерлері дәрежесіне көтеріле алмайды. Сондықтан облыс комсомол ұйымы бұл мәселеге, демек, марксизм-ленинизмді насихаттауға ерекше назар аударып отыр. Алайда бұл жұмыста да кемшіліктер жоқ емес. Мәселен, быйылғы оқу жылында еріктілік принципін бұрмалаушылықты жоюға бағытталған бірқатар жұмыстар жүргізілді. Бірақ саяси оқудың бұл принципін бұрмалаушылық немесе оған түсінік беушілік кейбір комсомол ұйымдарында әлі де кездесіп отыр. Булаев ауданындағы Узынқөл совхозының комсомол комитеті есепте тұрушы барлық 54 комсомолда олардың жеке тілектерімен, еркімен есептеспестен СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірмелерге еріксіз қатыстырған.

Быйылғы оқу жылының бір ерекшелігі—еріктілік принципін көп жерлерде дұрыс сақтауына байланысты марксист-лениндік теорияны өздігінен үйренуге тілек білдірген комсомолдар санының едәуір артуы. Бірақ бұл ерекшелік Прикешім және Мамлют ауданында (алғашқысында өздігінен үйренушілер саны 25-ақ, екіншісінде 41-ақ адам) көрінебейді. Аталған аудандық комсомол комитеттері еріктілік принципін жүзеге асыру жөнінде, фактілер көрсетіп отырғандай, нақтылы жұмыстар жүргізбеген.

Насихат жұмысының жағары дәрежеде өтуі еңалдымен насихатшыға байланысты. Бірақ кейбір аудандарда бұл шарт еленбейтін сыяқты. Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхозда СОКП тарихын үйрену жөнінде үйірме ұйымдастырылды. Мұндағы тыңдаушылардың бәрінде дерлік орта білімі бар. Алайда аудандық комсомол комитеті бұл үйірмені басқаруға 7 кластық ғана білімі бар Сергиенко жолдасы тағайындаған.

Жаңа оқу жылында облыс бойынша 2880 БЛКЖО мүшесі марксист-лениндік теорияны өздігінен үйренуде. Бұларға нақтылы көмектің бір түрі лекциялық насихат болып табылады. Пленумда лекциялық насихаттың жайы мұндағы кейбір кемшіліктер көп сөз болды.

Бірқатар аудандық комсомол ұйымдары, комсомолдар мен жастар арасында жанды жұмыс істеу мәселесіне жете назар аудармады. Бұл жөнінде облыстық милиция басқармасы бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Вдовин жолдас жарысөзде сөз сөйлеп, баяндамашының қатты сына алды. Ол облыс жастары

арасында ішімдік, бұзақылық сыяқты жат қылықтардың орын алып отырғанын ал мұның себебі саяси-тәрбие жұмыстарының үстірт жүргізілетінінде екенін баса айтты.

ҚЛКЖО қалалық комитетінің секретары Шөкіров жолдас өзінің сөзін комсомолдардың саяси оқуына арнады. Алайда оның сөзінде сын және өзара сын аз болды. Ол бар кінәні бастаушы комсомол ұйымдарына аударып, қалалық комитет жұмысындағы кемшіліктерді ашпады.

Темір жол бөлімшесінің саяси білімі бастығының комсомол жөніндегі көмекшісі Невкин жолдас саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Қоғамның облыстық бөлімшесін сынады.

—Бұл Қоғамның бөлімшесі,—деді Невкин жолдас,—біздерге лекторларды сирек жібереді. Көбіне лекциялардың оқылу мәдениеті даярлықсыз келген лектордың қырсығынан төмен болып келеді.

Көнөхов аудандық комсомол комитетінің секретары Петленко жолдас тың және тыңайған жерлерді игеруге келген жас патриоттарға қамқорлық жасау, олардың білімдерін толықтыру мәселесі жөнінде сөйледі. Ол жас патриоттарға арнап кешкі орта мектеп ашу қажеттігін, ал бұған жас патриоттар өте мұқтаж болып отырғанын айтты. Петленко жолдас бұл мәселеге облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Шербаков жолдасын, сондай-ақ облыстық комсомол комитетінің көңіл бөлмей отырғандығын сынады.

Облыстық физкультура және спорт комитетінің председатели Бөдіров және жарысөзде шығып сөйлеген басқа да бірқатар жолдастар комсомолдар мен жастарды советтік мораль рухында тәрбиелеуде физкультура мен спорттың ерекше маңыздылығын, ал бұл істе әлі де болса үлкен жемшіліктерге жол беріліп келе жатқанын айтты.

Пленум мәжілісінің соңында РКП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Боров жолдас идеологиялық жұмысты жақсарту міндеттері жөнінде сөз сөйледі.

Пленум облыс комсомол ұйымында идеологиялық жұмысты, атап айтқанда, комсомолдар мен жастардың саяси оқуын, лекциялық, ғылыми-атеистік, жарысты тұрмыс насихаттарын күшейтуге бағытталған нақтылы қаулы қабылдады.

## Бастауыш ұйымның жыйналысынан

Булаев элеваторында бастауыш комсомол ұйымының есен беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Мұнда комсомол комитетінің секретары Тулин жолдас баяндама жасап, комсомол ұйымының жұмысында қол жеткен табыстармен қатар, кейбір кемшіліктерге тоқталды. Дегенмен, баяндамашы болған кемшіліктерді тізіп қана айтып, оларды тудырған себептері ашып

ді және олардың орындалуын комитет тексеріп отырмады.

Гагочкина жолдас одақта жоқ жастар арасындағы жұмыстың нашар жүргізілетінін айтты. Мәселен, есен беріп отырған уақыттың ішінде бірде-бір жас комсомолға қабылданбаған.

Комсомол комитеті жас мамандардың өндірістік жұмысына ешқандай да көмегін

мүлде назар аудармаған. Өткен жылы мұнда СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірме ұйымдастырылды. Бірақ ол комсомолдардың жеке тілектеріне, еркіне сай болмағандықтан өмірге ікемсіз болып шықты. Осы үйірменің насихатшысы болып іетеген Тулин жолдасы да, сондай-ақ, сабаққа қатыспай қойған бірқатар комсомолдардың да кінәсінен үйірменің



Петропавл паровоз депосы көтеріп жөндеу цехының слесары комсомол Лев Шапов комсомол-жастар комплексті бригадасында жұмыс істейді. Ол Октябрь алдындағы жарыста сменалық нормасын 200 проценттен асыра орындап жүр. СУРЕТТЕ: Л. Шапов жолдас жұмыс үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Озат проводник

Петропавл кондукторларының арасындағы социалистік жарысқа қорытынды шығарылған сайын Дәули Бекмұхамбетовтің есімі әрқашан озаттар қатарында аталады.

—Соңғы жылдарда,—дейді Бекмұхамбетов жолдас,—жарыста бірінші орын алу қиындай беріп келеді. Өйткені, өз ісін жете меңгерген өндіріс озаттарының қатары үнемі жастармен толықтырылуда. Сондықтан еңбек өнімділігін үнемі арттыра беруді қамтамасыз етіп отыру үшін өзінің барлық білгенін мен күш-жігерімді жұмысқа жұмсауға тура келеді.

Петропавл станциясының кондукторлар резервіне жұмысқа орналасқанда Дәули Бекмұхамбетов 18 жасар бала жігіт еді. Алғаш кінші кондуктор қызметін атқарған Бекмұхамбетовте, кейінірек жолаушы поезының бас кондукторы боламын, деген ой жоқ болатын. Ол темір жол транспортының жұмыс жүйесін әлі білмейтін, өзінің міндеттерін толық меңгергендей өндірістік тәжірибелерге жетілмеген еді. Шексіз дәлді мал бағу кәсібінен күрделі машиналармен жабықталған темір жолға келген жас жігіттің алғашқы адымындағы қиыншылық және өзінің күшіне кейде енімсідік білдіру екінің бірінде бола беретін табиғи нәрсе еді. Өйткені, Дәулидің бар білімі —бастауыш мектептің 3 класы ғана болатын. Ал бұл біліммен мамандықты тез меңгеріп, өмір қиыншылықтарын жою жолында тез ілгерілен кету оңай емес екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Бірақ теміржолшылар коллективі мен комсомол ұйымы Бекмұхамбетовке көмектесе білді. Дәули көзіргі уақытта мұнан 23 жыл бұрын өз өмірінде болған қиыншылықтарды жөндеу комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және басқа да жолдастары-

никасын игерудегі теміржолшылардың жолдастық көмектері оның есінде бүгінгідей сақтаулы. Міне, осының нәтижесінде Бекмұхамбетов жолдас аға кондуктор, сонан кейін көп кешікпей жолаушы поезының бас кондукторы болып жоғарылатылды. Сөйтіп, Дәулидің таңдаулы теміржолшы болу туралы арманы жүзеге асты.

Ол жолаушылар поезын сапарға алып шыққан сайын өзінің борышы мен жауапкершілігін толық түсініп, поезды тағайындалған уақытында расписание бойынша апарып және екіліп жүреді.

—Жыл сайын біздің еліміз гүлдене түседі. Адамдарымыздың әл-ауқат және мәдени тұрмысы жақсарып келеді. Бұл совет теміржолшыларына қосымша жауапкершіліктер жүктейді,—дейді Бекмұхамбетов жолдас. Кәзір жолаушы поездарының саны көбейді. Сондықтан біз, совет теміржолшылары, жолаушыларды қамту ісін бұрынғыдан да жақсарту беруіміз керек. Жолаушы поездарды расписание бойынша дәл уақытында жүргізіп отыру теміржолшылардың абройлы міндеті.

Озат кондуктор өзінің мамандығын үнемі жетілдіріп отырады. Жақында оған бірінші кластың кондукторы деген атақ берілді. Бұл кондукторлар мамандығындағы ең жоғарғы атақ болып есептеледі. Бекмұхамбетов жолдас бірнеше газет, журналдар алдыртып оқиды. Сонымен бірге Горький, Әуезов, Мұқанов тағы басқалар оның сүйікті жазушылары болып есептеледі.

Бекмұхамбетов жолдас Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесі алдындағы жарыста алда келеді. Ол және ол басқарған коллектив мереке алдында алған міндеттемелерді аброймен орындап шығу

## Көмір шахталары мен разрездерінің құрылыстары үшін

ССРО көмір өнеркәсіп министрлігі шахталар мен разрездер құрылысын кеңейтуде. Донбасс, Кузбасс, Урал, Сибирь, Қызыл Шығыс аудандарында өндірістік қуаты зор жаңа көмір кәсіпорындары салынауда.

Жаңа құрылыстар үшін көптеген цемент, кірпіш, ағаш, машиналар мен механизмдер бөлінген. Көмір шахталары мен разрездерінің құрылысшылары тазаудағы уақыт ішінде проходкалы қолбайдарын, транспортерлер, порода тиейтін машина, 20-дан астам жылжымалы электр станцияларын, он мыңнан астам әртүрлі электр аспаптарын, мыңдаған автомашиналар алады.

Жаңа шахталар салынатын аудандарда темір жол өткелдері, тас жолдар, электр қуатын беретін жолдар салынып жатыр. Тұрғын үй және мәдени-тұрмыс үйлерінің—клубтардың, магазиндердің, ван пісіретін орындардың, мейна, кір жуатын орындардың құрылысы өрістетілуде.

Жаңа шахталар мен разрездердің үштен екісі министрліктің жоспарына сәйкес өрі кеткенде 1955 жылдың үшінші тоқсанында салынып болады.

## Тың жер игерілетін аудандардағы теміржолдар

БАРНАУЛ, 30 октябрь. (СОТА). Омск темір жолындағы Карасук станциясына екі экскаватор және 100 құрылысшы-жұмысшы келді. Бұл транспорт құрылысы министрлігінің жаңа кең табанды Карасук-Обьтағы Камень жолын салу тапсырылған № 12 құрылыс басқармасының үлкен коллективінің алғашқы отряды. Магистраль Новосибирь облысының Карасук, Веселовск, Красноозер аудандары және Алтай өлкесінің Хабаровский, Панрусский, Каменск аудандары арқылы 250 километрге созылады. Мұнда кең көлемде тың және тыңайған жерлер игеріледі.

Жаңа магистраль өтетін жерлерде кәзір іздестіру жұмыстары аяқталып келеді. Трассада 18 станция мен разрездер 3 деңг, тұрғын үйлер, қызмет үйлері мен мәдени тұрмыс үйлері салынатын болады. Кәзір мұнда құрылыс және басқа да көптеген кәсіпорындары құрылуда.

Омскіден Барнаула дейін созылатын Карасук-Обьтағы Камень жаңа темір жол линиясы Орта — Сибирь магистралінде белгіленген құрылыстың бір бөлегі болып саналады.

## Мерекеге дейін—жаңа нәтижелер

БРИВОЙ РОГ, 30 октябрь. (СОТА). Бүгін Каганович атындағы рудниктің ондаған кеншілерінің семьялары Ватулин және Санаторная көшелеріндегі көп қабатты жаңа үйлерге көшіп шығуы мерекелейді. Мұнда «Центральная» шахтасының бұрынғысы Владимир Мыльник, Шульман атындағы шахтаның проходчигі Алексей

өере алмады.

Алдымен бұл бастауыш ұйымдағы комсомолдер арасында тәртіп нағыз. Олардың біркатары комсомол Уставына талаштарды орындамайды, жыйындарға сирек келеді не мүлде қатыспайды. Ал, мұның мәнісі неде? Әңгіме мәнші: комсомол комитеті және оның секретары Тулин жолда ұйымда берік тәртіп орнату жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізбейді. Жыл бойы небары екі-ақ жыйналыс шақырылған және олардың өзі алдын-ала дайындалған жоспар белгіленгендіктен сын және өзара сынның өрістеуіне, комсомолдердің белсенділігіне, сөйтіп, дәрежесі төмен болып өткен. Мұндай жағдайда кезек күттірмейтін маңызды мәселелер шешілмей, бүркеулі қалып отыратыны түсінікті. Бұл ұйымда да іс жүзінде солай болып шықты.

Жарыссөзде сөз сөйлеген біркатар жолдастар комсомол комитетінің жұмысын орындауына ады.

—Бізге нағыз ұйымшылдық деген болмады, — деді Панкина жолдас. — Өйткені комсомол комитеті бастауыш ұйымның жұмысына басшылық жасаған жоқ. Комсомолдерге жеке тапсырмалар аз беріл-

тігізілме. Бұл мәселеге қатқыл жолдас тоқталды.

—Мен, — деді ол, — лаборатория меңгерушісі болып төрт айdan бері жұмыс істеп келемін. Бірақ осы уақыттың ішінде комсомол комитетінің бірде-бір мүшесі менің жұмысыма назар аудармады. Тәжірибемнен кейбір кемшіліктерге жол бердім. Мәселен, бидайды жастай қабылдағандықтан олардың қызып, бүлінгені де болды. Нақ осы кезде мен күткен нұсқау, көмек келмей қойды.

Комсомолдер арасында құрыштай берік тәртіп, асқан ұйымшылдық пен өзара жолдасдық көмектің, еңбекке социалистік көзқарастың, іске белсенділіктің және комсомолға тән басқа да жақсы қасиеттердің болуы олардың саяси саналылығына, маркстік-лениндік теорияны меңгеріп, оны өмірде шебер қолдана білетіндігіне, дамуымыздың кәзіргі сатысындағы маңызды шешуші міндеттерді түсініп қана қоймай, оларды ойдағыдай орындау жолында қажырлылықпен күресуіне байланысты екені мәлім. Алайда, осындай маңызды мәселеге, демек, комсомолдердің саяси оқуына элеватор комсомол комитеті

сабақтардың көшілігі өткізілмеді.

Осы мәселе жөнінде жарыссөзде сөз сөйлеген Юревич жолдас комсомол комитетінің жұмысын қатты сынады. Сонымен бірге ол жастарға арналған лекциялар мен баяндамалардың аз және көбіне тартымсыз оқылғанын, сондай-ақ, жастардың мәдени қажеттерін өтеуге комсомол комитеті көңіл бөлмей отырғанын айтып өтті. Мәселен, элеваторда не клуб, не қызыл мүйіз жоқ.

Элеватор комсомол ұйымындағы мұндай елеулі кемшіліктерді аудандық комсомол комитеті және оның секретары Еременко жолдас кезінде көрмеді. Еременко жолдас та, аудандық комитеттің нұсқаушылары да элеватордағы істің жайымен таныс болмады. Сондықтан да мұндағы кемшіліктерді жоюға аудандық комитет нақты көмек көрсете алмады. Аудандық комитеттің мұндай жауапсыздығын жарыссөзде сөз сөйлеген комсомолдер дұрыс сынады.

Есеп беру-сайлау жыйналысы комсомол ұйымының жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдап, комитет мүшелерін жападан сайлады.

К. ЗАРЫПОВ.

ның көрсеткен көмегіне еске түсіріп отырады. Оның орыс тілін қалай меңгергендігі, темір жол транспортының күрделі техникасына да түсуде.

### БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Мамлют жөндеу зауытында Октябрь революциясының 37 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыс күн сайын өрістей түсуде. СОКП Орталық Комитетінің ұрандарына жауап ретінде завод коллективі өнімнің сапасын жақсартып, жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын аяқтауға міндеттеме алды.

Жарыста заводтың қуы цехы озаттылық көрсетуде. Металл балкитұшылар сентябрь айының жоспарын асыра орындауды қамтамасыз етіп, октябрьдің өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтау үшін өнім шығаруда графиктен алда келеді. Еңбек өнімділігін арттыру-

### ЖҮКТЕР ТАСУДЫ ШАПШАҢДАТТЫ

Октябрь мерекесі алдындағы еңбек вахтасы күндерінде Мамлют авторотасының шоферлары жүктер тасу жұмысын шапшаңдата түсті. Көптеген машина жүргізушілер халықтық мерекені өндірістік жаңа

дың тамаша үлгілерін үлгі жасаушылар З. Барабашева, М. Евдокимова және П. Латышев көрсетуде. Олардың әрқайсысы еменалық тапсырмасын екі есеге дейін орындайды.

Мотор және ыдыс-құрсау цехтарының жұмысшылары халықтық мерекені өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуда. 9 айда олар жоспардан тыс 122 универсалдық тіркеу жабдықтарын және 22 моторды жөндеуден өткізді. Завод сүйретпе, мая салғыш және жүк автомашиналарын жөндеу жұмысын итере бастады.

А. ИГНАТЬЕВ.

табыстармен қарсы алуда. Мәселен, Федоров, Путилин, Мартыненко, Калинин және басқа жолдастар 9 айдың жүк тасу жоспарын асыра орындап, жоспардан тыс оншадан тонна жүк тасыды.

И. МАРКОВ.

Григорий Пасечник және басқалары — барлығы 160-тан астам адам жақсы жабдықталған пөтерлер алды. Көшілердің 12 сөмбесі өздерінің үйлеріне көшіп шықты.

Үстіміздегі жылы рудник комитеті тұрғын үйлер құрылысына 20 миллион сом қаржы жұмсайды, бұл 1951 жылыдан кейірамы есеге жуық артық.

### „Күйреу“ клуб сахнасында

ОРЕХОВО-ЗУЕВО, 30 октябрь. (СОТА). Кеше мұнда Мәдениет үйінде Николаев атындағы мақта-мата комбинаты тоқымашыларының Ұлы Октябрьдің 37 жылдығына арналған мереке алдындағы кеші болып өтті.

Зрителдер өзінің жаңа жұмысын — «Күйреу» спектаклін қойып көрсеткен клуб артистерін жылы жүзбен қарсы алды. Постановка клубта 50 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеген сахна искусствосымен әуестенуші П. И. Логиновтың басшылығымен қойылды. Спектакльді қоюға комбинаттың 60-тан астам тоқымашысы қатысады.

## Колхоздарда еңбек тәртібі жақсартылсын

Петропавл ауданының колхозшылары мен МТС жұмысшылары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыру күресінде аянбай еңбек етіп келеді. Аудан колхозшыларының басым көпшілігі артельдің күнбе-күнгі шаруашылық жұмыстарына белсене қатысуда. Өйткені ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету, колхоздардың экономикалық қуатын нығайту — барлық артель мүшелерінің төл ісі болып табылады. Олардың мәдени-тұрмыс жағдайларының барған сайын жақсара беруді де осыған байланысты.

Алдыңғы қатарлы колхоздар еңбек резервтерін тиімді пайдалана отырып, шаруашылықтың әрбір салаларының өнімдерін арттыра түсіп отыр. Мәселен, «Луч Ленина» колхозының 1953 жылғы табысы 1 миллион 597.066 сом болып, оның алдындағы жылғы табыспен салыстырғанда 92.676 сом артты. Артельдің үстіміздегі жылғы табысы өткен жылғыдан едәуір арта түсетін болады. Артель мемлекетке міндетті түрде астық, ет, сүт, жүн, тағы басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарларды жыл сайын мерзімінен бұрын орындай келеді. Мемлекеттік сатып алу орындарына ауылшаруашылық өнімдерін көптеп сатуда. Колхоз өткен жылдың аяғында мемлекеттік банкте мал және оның шаруашылықтарының табыстары жөніндегі сөздер ашқан болатын. Үстіміздегі жылдың 1 октябріне дейін мал шаруашылығы жөніндегі есепке 144.885 сом, оның шаруашылығы жөніндегі есепке 1.015 сом ақшалай табыс түсті. Осы уақыттың ішінде колхоз мал шаруашылығы жөніндегі есепке 114.795 сом алып, колхозшылардың еңбеккүндеріне авансқа беруге, электростанция, 4

жүк автомашина, 3 астық пультін сатып алуға және жаңа мал қоралары мен мал-азық құралдарының құрылысын салуға пайдаланды.

Мұның барлығы колхозшылардың еңбекке деген белсенділігінің едәуір артып отырғанын көрсетеді. Мұнда басым көпшілік колхозшылардың әрқайсысы жыл сайын 400 еңбеккүннен табады. Тіпті үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде колхоз ұстаы Маер жолдас 964 еңбеккүн, сауыншы Зубанова 906 еңбеккүн тапқан. Дегенмен, колхозда еңбек тәртібінің нығайтуы әлі де болса өз дәрежесінде емес. Колхоздың барлық игіліктерін толық пайдаланып отырған, бірақ қоғамдық еңбекке белсене қатыспайтын, міндетті еңбеккүн минимумын таппайтын колхозшылар әлі де бар. Мұны дәлелдеу үшін үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде колхозда 48 адамның тағайындалған еңбеккүн минимумын таппағанын айтудың өзі жеткілікті.

Бұл жағдай колхоз басшыларының жұмыс күшін әрбір жұмыс саласына дұрыс бөлмейтіндігін, колхозшыларды жұмсағанда олардың іскерліктерін, қабілеттілігін есепке алмайтынын көрсетеді. Колхоз басқармасы еңбек тәртібін бұзушыларды кезінде тәртіпке шақырмайды. Ал, Петропавл МТС-нің басшылары колхоздарда еңбек резервтерінің қалай пайдаланылып отырғанымен аз шұғылданады, еңбек тәртібін нығайту жөнінде колхоз басқармасына көмектесіп отырмайды. Сондықтан тек аталған колхозда ғана емес, МТС қамтуындағы басқа да колхоздарда еңбеккүн минимумын таппаған колхозшылар саны өткен жылғыдан кемімей отыр.

Кәзір ауданның барлық колхоздарында әрбір еңбекке жарайтын колхозшылар үшін міндетті еңбеккүн мөлшерінің жаңа минимумы белгіленді. Бұл колхоздарда ең-

бек тәртібін нығайту жөнінде үлкен роль атқаратыны сөзсіз. Бірақ, еңбеккүн минимумын белгілеуде де кейбір қателіктерге жол беріліп отырғанын айта кетуіміз керек.

Мәселен, «Луч Ленина» колхозында еңбеккүн минимумы колхозшылардың жалпы жыйналысында емес, бригадалардың жыйналыстарында белгіленді. Ол жыйналысқа аудан басшылары қатыспады. Жыйналыстарда қоғамдық еңбекке белсене қатыспай жүрген жекелеген колхозшылар батыл сынға алынған жоқ. Осының салдарынан міндетті еңбеккүн минимум мөлшері 180 ғана болып, өте төмен белгіленді. Белгіленген еңбеккүн мөлшерінің төмен екенін дәлелдеу үшін мынадай бір мысалды келтірейік: өткен, 1953 жылы колхозшылардың 53 процентінің, колхозшы әйелдердің 20 процентінің әрқайсысы 400-ден астам еңбеккүн тапты. Әрқайсысы 200-ден 400-ге дейін еңбеккүн тапқан колхозшылар 37 процент, колхозшы әйелдер 41 процент болды. Ал, 150-ден 200-ге дейін еңбеккүн табушылар саны небары 10 процент шамасында ғана. Міне, бұл факті жаңа минимумды белгілегенде колхоз басшыларының еңбеккүнді ең аз тапқан және өте ашылық болып отырған колхозшылардың көрсеткішін нысанаға алғанын көрсетеді.

Жаңа еңбеккүн минимумын белгілеген колхозшылардың жалпы жыйналыстарының қаулылары тек аудандық Совет атқомі бекіткеннен кейін ғана күшіне кіреді. Амаз не, осыған қарамастан Петропавл аудандық Совет атқомі ол жыйналыстардың қаулыларын бекітуді кешіктіріп отыр. Осы уақытқа дейін аудандық Совет атқомі еңбеккүн минимумын белгілеу жөніндегі тек үш-ақ колхоздың колхозшыларының қаулысын бекіткен.

Колхоздарда еңбеккүн минимумын бел-

гілеумен ғана іс бітпейді. Колхоз басшылары тағайындалған еңбеккүн минимумын барлық колхозшылардың толық орындауын қамтамасыз етулері керек. Олар колхозшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруға міндетті. Еңбекті нормалау, еңбеккүн жұмысудың жоспарлы тәртібін дұрыс сақтау жұмыстарын қадағалау қажет.

Айта кетуіміз керек, біркатар колхоздар еңбекті нормалауда кейбір кемшіліктер мен қателіктерге жол беріп жүр. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында бұйыл картоп қазудың алғашқы кезінде әрбір колхозшыға 0,08 гектар картоп қазу нормасы белгіленді. Бұл колхоздың жағдайында мұндай норманы орындау мүмкін еместігі іс жүзінде анықталды. Сондықтан картоп қазудың аяғында колхоз басшылары норманы 0,06 гектарға дейін кемітуге мәжбүр болды. Сол сияқты, «Луч Ленина» колхозында пішен майлау жөнінде әрбір колхозшыға күндік норма 50 центнер болып белгіленген-ді. Пішен дайындау кезінде бұл норманың өте төмен екені байқалды. Сөйтіп, колхозшылар мая салу нормасын әрбір колхозшылар үшін 75 центнер етіп қайта белгіледі.

Колхозшылардың қоғамдық еңбекке белсене қатысуын қамтамасыз ету үшін, олардың еңбек етуіне жағдай жасау керек. Аталған ауданның колхоздарында бұл мәселеге де жеткілікті түрде назар аударылмайды. Үстіміздегі жылдың аяғында және күзінде біркатар колхоздарда жас баласы бар колхозшы әйелдер шаруашылық жұмыстарға емін-еркін қатыса алмады. Оның себебі колхоз басшыларының әрбір бригадала балалар бақшасы мен яслилерін ашуды ескермеуінен болды. Бұл ауданның колхоздарында балалар яслинің жұмыс істеуі тек бір ғана маусымда — көктемде ғана ұйымдастырылып жүр. Бұл дұрыс емес. Өйткені, яслилердің жыл ішінде үздісіз жұмыс істеуі, әресе қысы маусымда ұйымдастырылмауы көптеген жас баласы бар кол-

хозшы әйелдердің еңбекке араласуына бөгет болады.

Колхозшылардың атқарған жұмысын дұрыс есептеу, оларды еңбекке ынталандыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру колхозда еңбек тәртібін нығайтуға беруіне, колхозшылардың еңбек өнімділігін арттыра түсуіне жағдай жасайды. Алайда, біркатар колхоздардың басшылары бұл принциптердің бұрмалануына жол беруден арыла алмай-ақ келеді. Мәселен, Сталин атындағы, «Луч Ленина», «Қазақстанның 30 жылдығы», тағы басқа колхоздарда шөп дайындау ісіне қатысқан колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы октябрь айына дейін төленбеген. Сондай-ақ «Луч Ленина» колхозының басшылары артель мүшелеріне ақпалай аванс беруді олардың тапқан еңбеккүндерінің мөлшеріне сәйкес ұйымдастыруды ескермеген. Мысалы 834 еңбеккүн тапқан колхозшы Михайлов жолдасқа 625 сом аванс берілсе, 447 еңбеккүн тапқан Майнгер жолдасқа 750 сом аванс берген. Колхозда мұндай факті некен-саяқ емес. Сталин атындағы колхоздың басшылары мал шаруашылығы мен егіншіліктен алынған табыстар жөніндегі есептерден алынған 40 мың сомды колхозшылардың еңбеккүніне бөлуде көп қателіктер жіберген. Тіпті бұл қаржыдан мал өсірушілердің еңбеккүндеріне аванс мүлдем берілмеген және 97 колхозшыға 12 мың сом аванс артық есептелген.

Аудандық партия комитеті мен Совет атқомі колхоздарда, МТС-терде еңбек тәртібін нығайту ісіне аз көңіл бөледі. Мұны дәлелдеу үшін үстіміздегі жылдың ішінде аудандық партия комитетінің бюросында, Совет атқомінің мәжілісінде еңбек тәртібі жөнінде бірде-бір мәселе қаралмағанын айтудың өзі жеткілікті.

Колхоздарда бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстары нашар. Көптеген бастауыш партия ұйымдары үгіт-бақаралық жұмыстарды маусым бойынша ғана жүргізеді. Сондықтан да олардағы үгіт-

шілер егін жыйнау аяқталғаннан кейін колхозшылар арасында дауыстан газет оқу, әңгіме өткізу жұмыстарын тоқтатып қойған. Қабырға газеттері, жауынгерлік листовтар шығарылмайды. Мал фермаларында жұмыс күнінің тәртібі белгіленбеген. Мал өсірушілердің алған тапсырмалары қалай орындалып келе жатқаны тексерілмейді. Олардың күнбе-күнгі еңбегі көрсеткіш тақталарға жазылмайды. Колхоздарда көрнекі үгіт мүлдем нашар. Тіпті, кейбір колхоздардың бригадаларында колхозшыларға кинофильмдер көрсететін арнаулы орындар жоқ.

Аудандық партия комитетінің секретары басқарған МТС аймағындағы нұсқаушылар топтары МТС-те және МТС қамтуындағы колхоздарда партиялық-саяси жұмысты кәзіргі талаптар дәрежесіне сай жүргізе алмай келеді. Аудандық партия комитетінің бұл топтардың жұмысына басшылығы қанағаттанғысыз. МТС аймақтық нұсқаушылар тобының қызметкерлері колхоздарға барғанда олардағы партия ұйымдарының жұмысымен аз шұғылданады. Бастауыш партия ұйымдарын артельдегі күрделі шаруашылық мәселелерді шешуде колхозшыларды бастап отыруға үйретпейді.

Аудан колхоздарында ауыл шаруашылығының барлық салаларын жедел өркендетуге мүмкіншілік жеткілікті. Оларда еңбек тәртібін мейлінше нығайту, колхозшылардың еңбектегі белсенділігін, инициативасын дамыту, осының негізінде еңбек өнімділігін арттыра беру, сол мүмкіншіліктерді толық және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Сондықтан аудан, колхоз, МТС басшылары бұған ерекше назар аударуға тиіс.

Ж. ҚЫЙЛЫБАЕВ,  
М. МЕЛЕНТЬЕВ,

ҚКП облыстық комитетінің  
нұсқаушылары.



...қоғамдық мал басының сапы жылдан жылға көбейіп, олардан алынатын өнімдер де молайып келеді. Фермада істейтін малшылардың қоғамдық малды күтуге деген ынта-жігерлері де арта түсуде. Бірақ колхоздың фермаларындағы мал қораларының жөндеуі, мал қыстатуға әзірлік жұмыстары өте баяу. Колхоздағы ескі мал қораларының бірде-бірі жөнделіп біткен жоқ. Мысалы, товарлы қой фермасында 1833 қой-ешкі бар. Бұл қойлар тұратын екі қораның біреуі ғана қылдан тазартылған, басқа ешқандай жөндеу жұмысы жүргізілген жоқ. Ал ол қоралар күрделі жөндеуді керек етеді. Ферма меңгерушісі С. Шестополов жолдас өз міндетін атқаруға нәжіретті қарап, қора жөндеу жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алмай отыр.

...деліп біткен жоқ. Төбесі ашық, ішіндегі қызы тазартылмаған. Сонымен бірге бұл қора ішінде оттық та жоқ. Мұның өзі мал азығының өсенісін жұмсалып, малдың аяқ астына талталуына, сөйтіп, шөптің шанылуына әкеліп соғады.

Колхозда қоғамдық малдың қысқы жемшөбі де аз дайындалады. Әзірленген жемшөп небары 21961 центнер ғана болып отыр. Бірақ бұл шөп, қоғамдық малдың қыстан шығуына жеткіліксіз. Бұл жағдайды біле тұра колхоз басшылары орылған егіннің аңызындағы сабан-топанды жыйнау жұмыстарын ұйымдастырмады.

Артельде еңбек тәртібі де нашар ұйымдастырылған. Шөп дайындауға шығыс істеген кейбір колхозшылар күні бүгінге дейін тиісті еңбекке қатысына шөп ала ал-

...лары шөпті өздері көптеп тасып алуға. Мысалы, Шошқова жолдас жемшөп дайындаудың бірінші күнінен бастап істеген еді. Оның осы уақыттағы еңбегіне 62 центнер шөп берілуі тиісті болатын, ол небары 21 центнер шөп алды. Ал шошқа фермасының бастығы Т. Бондаренко жолдас 24 центнердің орнына, яғни 37 центнер шөп тасып алған. Мұның өзі орташағым шөпті талап-тарақта салу болып табылатыны оған әбден белгілі.

Фермалар малшылармен толық қамтамасыз етілмей отыр. Қой фермасына керекті 9 қойшының қазір бесеуі-ақ бар. Сол сияқты, сыйыр фермасында да бір малшы, бір бұзау күтуші адам жетіспейді. Колхоз басқармасы жоғарыда көрсетілген кемшіліктері тез жойып, қоғамдық малға қамқорлық жасаулары керек.

**А. СУРАҒАНОВ.**

## Малшылар кеңесінде ашылған кемшіліктер

Таяуда Петропавл ауданында колхоздар мен совхоздардағы озат мал өсірушілердің, мал мамандарының аудандық кеңесі болып өтті. Кеңесте қаралған негізгі мәселе аудандағы колхоздар мен совхоздардағы және МТС-тердегі мал қыстатуға әзірліктің жайы болды. Кеңеске қатысушылар бұл жөнінде аудандық партия комитетінің секретары Пономарев жолдас-тың баяндамасын талқылап, бірқатар кемшіліктердің бетін ашты.

Аудан колхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің жайы нашар болып отыр. Аудан бойынша 1 октябрге дейін мал басын көбейту жоспары қарамадан 90,6 процент, қой-ешкінен 83,9 процент ғана орындалды. Ал басқа түліктер бойынша көрсеткіш бұдан да төмен.

Мұның себебі неде? Оның ең басты себебі, көп колхоздарда малдардың орынсыз жұмсалғандығы болып отыр. Тек үстіміздегі жылы ғана колхоздарда 7200 бас мал ешбір себепсіз сатылған. Мұндай жағдай, әсіресе, Киров атындағы, Калинин атындағы, Сталин атындағы және «Красный пахарь» колхоздарында кездесіп отыр. Мәселен, Киров атындағы колхозда 25 сыйыр малы, 543 шошқа, 51 қой-ешкі орынсыз сатылған. Сталин атындағы колхозда 598, Калинин атындағы колхозда 357, «Красный пахарь» колхозында 365 бас мал базарға сатылған. Қоғамдық малдардың осылайша орынсыз жұмсалғандығы ауданның басқа колхоздарында да орын алған.

Сонымен бірге, колхоздарда жас төлдерді күтіп бағуға жете көңіл бөлінбейді. Ерте көктемде туған жас төлдердің көпшілігі лас, салқын үйлерде күтіледі. Оларды күтуге бөлінген адамдар жеткіліксіз. Төлді күтуде, азықтандыруда зоотехникалық малдәрігерлік ережелер дұрыс сақталмайды. Сондықтан да жас төлдердің ауруға шаддығуы, шығынға ұшырауы жиі болады. Мұндай фактілер «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында, Чапаев атындағы, Ворошилов атында-

ғы, Сталин атындағы және басқа да колхоздарда кездеседі.

Колхоздарда мал қыстатуға әзірліктің жайы да ойдағыдай емес. Чапаев атындағы, Буденный атындағы, Пушкин атындағы, Жамбыл атындағы колхоздарда жөнеткен мал қоралары жөнделіп біткен. Ал жөндеуден өтті деген кейбір мал қоралардың сапасы нашар.

Мал қораларын салу және ескі қораларды жөндеу жұмыстарын колхоз басшылары жаз айларында ұмыт қалдырған. Олар арнаулы құрылысшылар бригадаларын ұйымдастырмады. Ал ұйымдастырылған құрылысшылар бригадасы бөге себептермен басқа жұмыстарға пайдаланылып келді. Ол олма, Ворошилов атындағы колхоздың басшылары құрылыс материалдарын орынды пайдалануды ұйымдастыра алмады.

Мал қыстатуға әзірлікте ең негізгі жәте көп көңіл бөлетін мәселенің бірі—малдың қысқы жем азығын көптеп әзірлеу болып табылады. Өйткені, малдың қыстан қонды, әрі шығынсыз шығуы жемшөптің мол әзірленуіне тікелей байланысты. Әрбір колхоз бен совхоздағы дайындалған жемшөп, сұразық мол болса, сонда ғана мал шаруашылығы жедел өркендей түседі.

Өткен жылы аудан колхоздарында қоғамдық мал үшін қысқа әзірленген жемшөптің жетімсіздігі аудан үшін өте қыйын жағдай туғызды. Осының салдарынан көптеген фермаларда мал шығынына жол берілді. Кейбір колхоздарда қоғамдық малдың өнімділігі мүлдем кеміп жетті. Колхоз, МТС басшылары осы ауыр жағдайдан тиісті қорытынды жасап, болған кемшіліктерді қайталамай қоғамдық малдың азығын мол дайындаулары керек еді. Бірақ жағдай бұлай емес. Шөп дайындау жоспары Петропавл МТС-і бойынша 51,4 процент, Асанов МТС-і бойынша 36,2 процент, ал жалпы аудан бойынша 45,1 процент ғана орындалған.

Көрсеткіштің мұнша төмен болуы не-діктен? Оның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, жемшөп дайындау кезінде пішеншілер бригадалары өнімсіз еңбек етті. Ол бригадалардың жұмысына жаңды басшылық, қолайлы жағдай жасалмады. Керекті құрал-саймандар мерзімінде берілмеді. Пішеншілердің қажеттеріне, тілегіне колхоз басшылары құлақ аспады. Осының салдарынан шөп шабу жұмысы сапасыз жүргізілді. Мыңдаған гектар жердің шөбі ысырапқа ұшырады. Шөп жыйнауға көптеген колхоздарда адам күші толық қатыстырылмайды. Осылайша ыргалып-жыргалып жүрудің салдарынан шөп жыйнаудың аса қолайлы мерзімі босқа өтті.

Әсіресе, Буденный атындағы, Калинин атындағы, Киров атындағы, Жамбыл атындағы колхоздарда қоғамдық мал үшін қысқы азық өте аз дайындалды. Мысалы, Буденный атындағы колхозда жемшөп дайындау жоспары небары 20,8 процент ғана орындалған. Мұның өзі дайындалған шөп колхоздың қоғамдық малы үшін 26 декабрге дейін ғана жетеді деген сөз. Сол сияқты, Калинин атындағы колхозда мал азығы 28,4 процент, Киров атындағы колхозда 30,8 процент, Жамбыл атындағы колхозда 33,9 процент ғана орындалды.

Бұл орын алған кемшіліктер өткен жылы ауыр жағдайдан тиісті қорытынды шығармағандықтың салдарынан туып отыр. Оның үстіне кейбір колхоздарда дайын шөпті әзірлеуде де жөріне-көзге жол берілген олқылықтар кездеседі. Көзір аудан бойынша дайындалған шөптің 30 проценті шығын болды. Оның үстіне колхоздарда 2413 гектар жердің шөбі мейлінше жоқ. 6 мың центнер шөп кіре-де жатып піріп, азықтық сапасын жойды.

Қыста малға азық ретінде беруге сабан-топанның да ерекше маңызы бар. Алайда, аудан бойынша әзірленген және малға салынған сабан-топан жалпы жоспардың жартысына да жетпейді. Күні бүгінге дейін 14583 гектар егіннің сабаны майланбай аңызда жатыр.

Петропавл және Асанов МТС-терінің қамтуындағы колхоздардың көпшілігінде шөп турағыш, азық буландырғыш жабдықтар атымен жоқ. Оның үстіне колхоз

...Комсомолка Гриб Зинаның Каганович атындағы колхозда бұзау күтуші болып істегеніне былай екінші жыл. Ол мектепте оқып жүрген кезінде-ақ мал күтуші қатты ұнататын. Товарлы-сүт фермаларына өскүресінге барғанда Зина мал күтушіне, әсіресе жас төлдерді күту ережелеріне өршіне көңіл бөлді.

Оның қарауына 20 бұзау бекітіліп берілді. Көмекшісі Меркер Берта өсеуі әр бұзауға ат қойып, әрқайсысының тамақтануын, тынығу орындарын қатаң бақылады.

Жаз уақыттарында бұларға бекітіліп берілген бұзаулар көбейіп, 83-ке жетті.

Көзір мал шаруашылығына жаңа қосылған жастар келесі жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алу үшін мал қыстағына барлық жағынан да үлгілі әзірлік жасауда.

**В. ЛИЗУН.**

дарда дайындалған құнарлы, тамыржемсіт малазықтық жеткіліксіз. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (председателі Лишевич жолдас) дайындалған шөп небары 75 процент ғана болып отыр. Бұл, әрине, қоғамдық малдар үшін жеткіліксіз. Колхоз бірнеше гектар жерге малазықтық қангуста, овоцтар, тамыржемсіт өсімдіктер егілсе де әлі күнге жыйналмастан жатыр. Сол сияқты, мал азығына деп егілген моғар, судан шөптері әлі күнге дейін жыйналып алынбады.

Мұнда шөп сүрлеу жұмысы да өте қанағаттанғысыз. Аудан көлемінде сүрленген азық дайындау жоспары небары 42 процент ғана орындалған. Оның ішінде Петропавл МТС-і бойынша 29,2 процент ғана. Мұның өзі МТС директоры Любарь, МТС партия ұйымының секретары Бенделев жолдасар колхозда шөп сүрлеуге техника күшін жете бөлмегендігін толық дәлелдейді.

Осындай кемшіліктердің орын алуы мал мамандарының мал шаруашылығына жеткілікті көңіл бөлмегендігі деп түсіну керек. Көп реттерде зоотехниктер, мал дәрігерлері мал шаруашылығы жұмыстарынан тыс қалып қояды. Олар мал азығын дайындау, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарына басшылық жасамайды. Мұнымен бірге олар фермадағы мал күтушілер арасында ұйымдастыру жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізеді.

Ауданда мал қыстатуға әзірліктің нашар болуына жергілікті бастауын партия ұйымдары мен комсомол ұйымдары да кінәлі. Өйткені, олар малшылар арасында социалистік жарысты формальді түрде ғана ұйымдастырған. Алдыңғы қатарлы малшылардың озат тәжірибесі насихатталмайды. Малшылармен әңгімелер өткізілмейді. Фермаларда қабырға газеттері, жауынгерлік листовкалар өте сирек шығарылады.

Аудан партия, совет ұйымдарының міндегі—мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліктерді дереу жою, сөйтіп, әрбір колхоздың мал қыстатуды ұйымшылдықпен бастауын қамтамасыз ету болып сана-лады.

**К. ЕСІМОВ.**

Қазақстандағы бұл өте ірі гидротехникалық құрылыстың жобасын Қазагиробводэлектрпромы Носиф Денисенко бастаған бір топ инженер-гидротехниктері жасап, ССРО Министрлер Советі бекітті.

Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік-батыс аудандарындағы су көздерінің жайын байқау, негізінен, Арыс және Бөген өзендерінің жайын зерттеу жөніндегі бірнеше ұйым бойынша жыйналған материал бұл өзендердің жыл бойына пайдаланылмай ағып кететін суының мөлшерін 1700 миллион текше метрге жететін анықтауға мүмкіндік берді. Бұдан миллиард текше метр су Арыс өзенінің үлесіне тиеді. Бұл су да Сырдарияға босқа ағып кетеді.

Жоба бұл сулы егін суаруға пайдалану үшін суару жүйесін жасауды көздейді:

## Құрылысшылар даярлайтын мектеп

Петропавлдағы № 36 ФЗО мектебінің ұйымдастырылғанына 8 жылдан асты. Осы мерзім ішінде мектеп 1500-ден астам маман құрылысшылар дайындап шығарды. Олардың ішінде құрылыс цехының бастығы Зубенко, Булаев МТС-нің аға прорабы Мартыненко, күнделікті жұмыс тапсырмаларын біржарым, екі есе орындап жүрген ағаш шеберлері Рудковский, Еремченко, Атянина жолдасар бар. Ал бұрынғы оқушымыз Мишин көзір өзіміздің мектепте өндірістік оқудың мастери болып жұмыс істейді. Көптеген оқушыларымыз мамандықтарын оған әрі дамыта беру үшін арнаулы техникумдарға оқуға түсті.

Болашақ құрылысшылар мектепте оқып жүрген кездерінің өзінде 36 тұрғын үй, бірнеше екі қатарлы мекеме, мектеп үйлерін салды. Олар өздерінің күшімен мектебіміз үшін оқу корпусын, клуб үйін және екі оқу мастеркейімін салды. Оқушылардың істеген жұмыстары үшін алатын еңбекке қатысы да зор. Мектепте оқушылар өткен 8 жыл мерзімі ішінде 500 мың сом пайда тапты. Олар оның тең жартысын өз қолдарына алып, қалғанын мемлекет пайдасына тапсырды.

Оқушылар өздерінің теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, әртүрлі үйірмелерге қатысуымен тереңдетіп отырады. Олардың бос уақыттарын көңілді әрі пайдалы өткізулеріне де көп көңіл бөлінеді. Мектеп көркемөнерпаздар үйірмесі облыстық еңбек резервтері басқармасы өткізген көркемөнерпаздардың байқауында бірінші орын алды. Сол сияқты, үйірме мүшелері жаз күндерінде облыс

## Қосымша ақы алды

Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының малшылары қоғамдық малдың басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Колхоздың алдыңғы қатарлы сауыншысы А. Зубанова жолдас өзіне бекітіліп берілген 10 сауын сыйырдан жоспардағы 18700 литрдің орнына, 19180 литр сүт сауды. Сондай-ақ, сауыншы С. Граф қарамағындағы 13 сыйырдың 20150 литрдің орнына 22869 литр сүт сауып, төлдерді аман сақтады. Озат сауыншылар С. Граф қосымша ақыға 1 бұ-

зәрді даярлауда. Мұнда жер қазатын 20 механизм жұмыс істейді. Бульдозерлер болашақ қамал линиясының жоғарғы қабатын қазуға, ал ескерлер су қоймасының дамбасын үюде. Қаналдың Түркістан жақ бөлігінде Шолаққорған және Төрткөл машина-мелиорациялық станцияларының жерқазғыш механизмдері жұмыс істейді. Олар 500 мың текше метрге жуық жер қазу жұмыстарын атқарады. Қараспан бөгеті жанындағы басты торапта Қазақ машина-мелиорациялық станциясының экскаваторлары СЭС-ке су ағызатын каналды қазып жатыр.

Қаналдың трассасына төңіректегі ауылдар мен селолардан, алыстағы аудандардан құрылысқа қатысуға тілек білдірген колхозшылар келуде. Үлкен құрылыс басталды.

колхозшылары мен механизаторларына арнап 28 концерт берді. Мектеп 8 жылдың ішінде 700 -ден астам ГТО значкистерін, 1200-ден астам ГСО значкистерін дайындады.

Оқу жылы бойына саяси тәрбие жұмыстары да үздіксіз жүргізіліп отырылады. Тек өткен жылы ғана оқушылар әртүрлі тақырыптарға 20 лекция мен баяндамалар тыңдады, көптеген кітап оқушылар конференциясы мен жастар кеңісі өткізілді. Мектептің кітап қоры бай кітапханасы жұмыс істейді.

Мектепке оқуға алынғандар тегін жатақханамен, тамақ және киімдермен қамтамасыз етіледі. Жатақханаларда олардың күнделікті сабаққа дайындалып, мәдениетті түрде тынығуына толық жағдай жасалуы қамтамасыз.

Мектептің оқытушылар коллективі де маман кадрлармен толықтырылған. Жаңа оқу жылы басталар алдында оқытушылар мен мастерлердің оқу күндізгі семинары өткізіледі. Онда олар өткен оқу жылында кездескен кемшіліктерге тоқталып, оқу тәрбие жұмыстарын жақсартудың жолдары туралы өзара пікір алысады. Оқу тәрбие жұмысының табысты болуына оқытушылардың қажырлылықпен еңбек етуі, ынтымағы күшті оқушылар коллективінің болуы зор әсер етуде.

Көзір біздің мектеп жаңа оқу жылына оқушылар қабылдауға толық әзірленді. Облысымыздың жастары мектебімізге оқуға түсіп, құрылысшылар мамандығын алулары керек.

**В. КИСЕЛЕВ,**

№ 36 ФЗО мектебінің директоры.

зау, 544 литр сүт, ал А. Зубанова 492 литр сүт алды.

Колхоздың бұзау күтушісі М. Агапеева жолдас 25 бұзауды қонды етіп өсіріп, оны аман үйірге қосты. Ол өзінің еңбегіне 360 еңбек күні, қосымша ақыға 1 бұзау алды. Шопан Қазбеков жолдасқа да 250 қойдан 340 қозы алып өсіргені үшін қосымша ақыға 14 қозы берілді.

Колхоз бойынша қосымша ақыға барлығы 8 бұзау, 41 қозы, 405 килограмм ет және 4919 литр сүт берілді.

**Ж. ҚАЙРАТОВ.**

### Корей Халык-Демократиялык Республикасынын Жогоргы Халык жыйналысынын VIII сессиясы

ПХЕНЬЯН, 30 октябрь. (СОТА). Кеше Жогоргы халык жыйналысынын VIII сессиясынын екінші мажлисі болды. Онда Корей Халык-Демократиялык Республикасынын Женева кеңесіндегі үкмет делегациясынын корей маселесин бейбаштылыкпен реттеу жөнүндөгү жумасы туралы баяндама бойынша жарыссөз өттү. Жарыссөзгө корей халкынын калың топтарынын өкүлдөрү болып табылатын бир нече депутаттар катышты.

Сырткы истер министри Нам Ирдин баяндамасын бірауыздан колдай отырып, жарыссөзгө шыгып сөйлөшүлөр Солтүстік және Оңтүстік Корея халкынын арасында жан-жақты туураандык катынастар орнатууга, Солтүстік және Оңтүстік Корея халкынын арасында экономикалык, мадени байланысты арттырууга және отанды бейбаштылыкпен бириктирүү иштерин тездетуу максатымен онын арасында байланыс орнатууга багытталган шараларды макулдап, бул шаралар мүмкүндүгүнө тейленип жүзөгө асырылсын деп үсыныс енгизди.

Шыгып сөйлөшүлөр СССР мен Кытай Халык Республикасы үкметтеринин корей маселесин бейбаштылыкпен реттеу жолдары мен эдістері баяндалган бирлескен декларациясын шыш ниетимен колдайтынын билдирди.

Депутат Пек Нам Ун өзінин сөзүндө былай деп мэлмүдө: Корей Халык-Демократиялык Республикасы үкмет делегациясынын Женева кеңесінде жасаган үсыныстары өз отанын бейбаштылыкпен бириктирүү үмтылышын отырган корей халкынын үдттык мүдделерине толыгымен сай келеті. Сондуктан, деп атап көрсөттү ол, биздин үсыныстарымыз Совет Одагы мен Кытай халыктары тарапынан, сонымен катар бүкіл дүние жүзінің бейбаштыл халыктары тарапынан қосталды.

Сессия корей маселесин бейбаштылыкпен реттеу жөнүндөгү Женева кеңесіне катысқан Корей Халык-Демократиялык Республикасы үкмет делегациясынын жумасын бірауыздан макулдады.

ПХЕНЬЯН, 31 октябрь. (СОТА). Пхеньян радиосынын хабар еткеніндей, Корей Халык-Демократиялык Республикасынын Жогоргы халык жыйналысынын VIII сессиясы, корей маселесин бейбаштылыкпен реттеу жөнүндөгү Женева кеңесіне жіберілген Корей Халык-Демократиялык Республикасы үкмет делегациясынын жумасы туралы Сырткы истер министри Нам Ирдин баяндамасын тындап, талқылаганнан кейін былай деп қаулы алған:

1. Корей Халык-Демократиялык Республикасы үкметінің отанды бейбаштылыкпен бириктирүү жөнүндөгү саясаты мен практикалык жумасын дүрыс деп танып, онын саясаты мен практикалык жумасы толық қосталсын және макулдансын.

2. Республиканын үкметі өзінин эділетті саясатына бұдан былай да, берік сүйене отырып, отанды бейбаштылыкпен бириктирүүдін ұлы ісіне және онын тәуелсіздігіне жету үшін барлық күшін жум-

ди деп көрсөтілген. Сонымен катар КХДР үкметі мен халык жыйналысынын эді бейбашты жолмен бириктирүүге багытталган корей соғысына дейінгі және одан кейінгі кездегі, атап айтқанда, Женева кеңесі кезіндегі күш-жігері атап көрсөтілген.

Кореяны бөлшектеу, деп көрсөтілген үндеуде, корей халкынын саяси, экономикалык және мәдени жагынан дамуына орасан зор нүксен келтіреді және әрбір корей семьясынын өмірі үшін асқан зор қайғылы апат болып табылады.

Үндеуде бұдан кейін былай делінген: Корей Халык-Демократиялык Республикасы Жогоргы халык жыйналысынын VIII сессиясы, отанды бейбаштылыкпен негүрлым тез бириктирүүге ұмтылган бүкіл корей халкынын еркин билдере отырып, мынадай үсыныстар жасайды және мынаған шақырады:

1. Отанды бейбаштылыкпен бириктирүү туралы маселені талқылау үшін 1955 жылдын ішінде Пхеньянда немесе Сеулде Солтүстік және Оңтүстік Кореянын саяси партияларынын, қоғам ұйымдарынын және халықтың әртүрлі топтарынын өкілдерінен бірлескен кеңес шақырылсын, немесе Корей Халык-Демократиялык Республикасынын Жогоргы халык жыйналысы мен Корей республикасы Ұлттық жыйналысынын біріккен сессиясы шақырылсын.

2. Жогорыда көрсөтілген кеңесті немесе сессияны шақыру туралы маселені және Солтүстік Корея мен Оңтүстік Корея арасында экономикалык, мәдени байланыс орнату, сауда жасау, қарым-қатынас және хаттар алысу туралы маселелерді талқылау үшін 1955 жылғы февралда Пхеньянда немесе Кэсонда Солтүстік және Оңтүстік Кореянын өкілдерінен кеңес шақырылсын.

3. Солтүстік және Оңтүстік Кореянын барлық саяси партиялары мен қоғам ұйымдарынын және халықтың барлық топтарынын патриот қайраткерлерінің отанды бейбаштылыкпен бириктирүү жөнүндөгү шараларды белгілеу үшін өзара байланысы, еркин қарым-қатынасы және өзара кездесулері болуға тиіс, ал Солтүстік және Оңтүстік Кореянын үкмет орындары олардын бүкіл елдің территориясында еркин жумасы істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Біз бүкіл корей халқы бұл үндеуді қолдап, макулдайды және корей маселесін бейбашты жолмен өзміз шешуге ұмтылган биздің бірауызды талабымызға кедерлі болатын тіміскілеу әрекеттерінің қандайын болса да іскерлікпен күйрете отырып, бұл үндеуді нақты іс жүзіне асыру жолындағы күреске аттанады деп сенеміз.

ПХЕНЬЯН, 31 октябрь. (СОТА). Кеше КХДР Жогоргы халык жыйналысы VIII сессиянын қорытынды мажлисі болды. Депутаттар жергілікті үкмет органдарынын құрылуы туралы заң жобасы жа-

### Демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы секретариатынын дүние жүзінің жастарына үндеуі

БУДАПЕШТ, 31 октябрь. (СОТА). Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясынын құрылғанына 9 жыл толатын күн — 10 ноябрьде жыл сайынғы сыяқты жастардың бүкіл дүниежүзілік күні атап өтеледі. Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясынын секретариаты бұған байланысты дүние жүзінің жастарына Үндеу жазды.

Быйлығы жылы, делінген Үндеуде, жастардың Бүкіл дүниежүзілік күні халықтар ие болған зор табыстар жағдайында мерекеленеді: Индо-Қытайда бейбаштылык қалпына келтірілді, «Европалық қорғаныс бірлестігі» қабылдамай тасталды. Бейбаштылыкке ұмтылушылық пен келіссөздер рухы тағы да салтанат құрды. Бейбаштылыкты жақтаушылардың күресі, нәтижесінде халықтар алдында бұдан да зор табыстарға жетудің жаңа үміттері мен перспективалары ашылуда.

Бірақ соғысшыл күштер жеңілген жоқ. Осы күштер мен олардың жоспарларына қарсы күрес отырып, демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы сіздерді бұл күні өз праволарыңыз үшін, достық және бейбаштылык үшін күресте бірлесіп қымылдауға шақырады.

Европада герман милитаризмін қайта туғызу, бүкіл дүниежүзідегі сыяқты Азияда да соғыс блоктары мен шарттарын құру, халықтардың праволарына қол сұғу әрекеттеріне өздеріңіздің барлық халықаралық жанжалдарды бейбаштылыкпен шешу жолындағы, жашай қырып-жоятын қару-жаракқа тыйым салу жолындағы, ұлттық тәуелсіздік және бүкіл дүние жүзідегі бейбаштылык болуы жолындағы мызғымас бірліктеріңді қарсы қойыңдар!

Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясынын туы астында жастар мен студенттердің 1955 жылғы Варшавада өтетін Бүкіл дүниежүзілік V фестиваліна әзірлене отырып, осы жарқын идеалдар игілігіне, өздеріңіздің бақытты өмір сүру праволарыңыздың игілігіне барлық жерлерде — заводтарда, егіс далаларында, мектептерде, қалалар мен деревняларда, өздеріңіздің жыйналыстарыңызда, мәдени және спорттық өнер көрсетулер кезінде — барлық әдіспен біздің барлық елдердегі туыстарыңыз бен туысқандық ынтымақтастығымызды тағы да көрсетіңдер!

Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы 85 миллион жігіттер мен қыздардың атынан барлық жастарға өзінин жалынды құттықтаулары жолдап, жаңа табыстарға жетулеріне тілек билдіреді.

Жас ұрпақтың халықаралық ынтымақтастығы және жастардың бүкіл дүниежүзілік күні жасасын!

Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы жасасын! Бейбаштылык жасасын!

### БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 30 октябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Саяси комитеттің күндізгі мажлисінде күн тәртібінің үшінші пункті — «БҰҰ уставының мақсаттары мен принциптеріне сәйкес бейбаштылыкпен хауіпсіздікті қолдау және нығайту үшін пайдалануға болатын әдістер деп аталған коллективтік шаралар комитетінің баяндамасы» талқылана басталды. Жұртқа мэлм, бұл комитет, халықаралық бейбаштылык пен хауіпсіздікті қолдау үшін БҰҰ уставы бойынша басты жауапкершілік жүктелген Хауіпсіздік Советін елеулеу мақсатымен, 1950 жылы У сессияда Бас Ассамблеянын жай көпшілігінің қарарымен, БҰҰ уставын бұзу арқылы заңсыз құрылған болатын, «Коллективтік шаралар» комитетінің құрамына 14 елдің, соның ішінде АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Канаданың, Туркияның, Австралияның, Солтүстік Ирландияның, Филиппинияның және Венесуэляның өкілдері кіріп отыр.

БҰҰ Бас Ассамблеясының VI және VII сессияларында, «Коллективтік шаралар» комитетінің өсетерін талқылаған кездің өзінде-ақ, совет делегациясы бұл комитеттің жұмысы халықтардың бейбаштылык мен хауіпсіздігін нығайту ісіне зиянды,

оның жұмысы БҰҰ уставының мақсаттары мен принциптеріне қайшы келеді және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектеспейді деп көрсеткен болатын.

Бүгінгі мажлисте «Коллективтік шаралар» комитетінің председатели Сантьяго Перес-Перес (Венесуэла) бұл комитетке кіретін елдердің ішіндегі 12 делегацияның атынан комитеттің баяндамасын «жанағаттанғандықпен» еске алуды және бұл комитеттің өмір сүруін белгісіз мерзімге дейін ұзартуды ұсынатын қарар енгізді.

Бұл қарардың ортақ авторлары болып табылатын Канаданың, Австралияның және Филиппинияның өкілдері осы қарарды қолдады. «Коллективтік шаралар» комитетінің өмір сүруін ұзартуды Швеция мен Голландияның өкілдері де жақтады. Бірақ бүгінгі мажлисте сөз сөйлеген шешендердің «Коллективтік шаралар» комитетінің өмір сүруі және онын жұмысы БҰҰ Уставына, оның мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейді-мыс деп дәлелдеуге тырысқанына қарамастан, олардың бірде-бірі нағымды дәлелдер келтіре алмады.

Бұл мәселе Саяси комитеттің келесі, бірінші ноябрьдегі мажлисінде оған әрі талқыланады.

### Австрия халқының мүдделеріне сай келетін саясат үшін

Хоннердің Австрия парламентінде сөз сөйлеуі

ВЕНА, 30 октябрь. (СОТА). Кеше Австрия парламентінің мажлисінде, Австрияның 1955 жылғы бюджеті туралы заң жобасы талқыланған кезде «Австрияның халық оппозициясынан» сайлаған депутат Франц Хоннер сөз сөйледі.

Хоннер бюджет туралы заң жобасын қатты сынап, бұл бюджеттің ірі өнеркәсіп иелері мен саудагерлердің пайдасын арттыру мақсатын көздеп отырғанын және еңбекшілер қалың бұқарасының тұрмыс жағдайын оған сайын нашарлататынын атап көрсетті.

Хоннер сөзінің көп бөлігін Австрия үкметінің ішкі және сыртқы саясатын сыйпаттауға арнады. 17 октябрьдегі сайлауға коммунистерді Ландтагтер мен қауымдық советтерден шығарып тастауға үміттенген үкметтік партиялардың жоспарлары күйреді, деп көрсетті шешен. Жаңа ғана болып өткен сайлаудың ең көрнекті нәтижесі Австриядағы Аншлюс идеясының негізгі таратушысы — «тәуелсіздер одағының» қатты жеңіліске ұшырағандығы болып табылады. «Тәуелсіздер одағының» жеңілісі — бұл үкметтік лагердегі екі партияға берілген соққы, өйткені бұл ұйымды коалиция құрған болатын.

Хоннер соғыс қылмыстыларын, бұрынғы белсенді нацистерді, гитлерлік вермахттың генералдары мен офицерлерін ақтау мақсатын көздеп отырған коалициялық партиялардың реакцияшыл саясатын әшкереледі және Австрияның жүздеген мың еңбекшілері атынан бұрынғы

хеймверлік басшы Штарембергтің мүлкін өзіне қайтарып беруге тыйым салатын заң қабылдауды талап етті.

Үкметтің сыртқы саясаты, деді ол бұдан кейін, Австрияның мүдделеріне мүлде сай келмейді. Коалициялық партиялар басшыларының кәзір дүниеде не болып жатқанын ішкі де білгісі келмейді. Олар тек бір ғана саясатты — «күш жұмсау позициясынан» жүргізілетін американдық саясатын танып отыр. Үкметтің бүкіл Австрия халқына апатты бұл позициясы, әсіресе герман маселесі жөнүнде айқын көрінуде. Коалиция Батыс Германияны қаруландыруды барынша құттықтап, оған көмектесуде. Коалицияның жоспарлары өзіміздің суверенитеті мен тәуелсіздігі туралы маселені тек антисоветтік насихат үшін оны пайдалануға болатын кезде ғана көтеруде болып отыр. «Австрияны бағынған бірлестігіне қосу» дейтін жайындағы мэлмүдемелердің бәрі Австрияны Батыс Германияға жаңадан қосудың нашар бұркемеленген насихаты ғана болып табылады.

Коалициялық үкмет, деп мэлмүдеді Хоннер қорытындысында, кәзіргі халықаралық жағдайды ескермей, «қырғый-қабаттық соғыс» және қайшылықтарды күшейту саясатын жүргізеді. Бұл саясат австрия халқының бейбаштылыкке ұмтылған еркине сай келмейді. Бұл саясат тек Батыс Германиядағы ірі капиталистер мен гитлерлік генералдарды сергітіп, Австрияның тәуелсіздігіне қарсы шығып отырған күштерге дем беруде.

### ВЕЛИКОБРИТАНИЯ КОМПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 27 октябрь. (СОТА). Великобритания компартиясынын саяси комитеті мэлмүде жариялап, коммунистік партиянын мүшелерін және партияны жақтаушыларды Германиянын қайта қаруландырылуына қарсыласуды күшейтуге шақырды.

Мэлмүдемеде былай делінген: «Батыс державалар Батыс Германияны қайта қаруландыруды көздейтін Лондон келісімін қайтесе де бекіткізуге жанталаса тырысуда. Олардың жоспарларын іске асырмай тастауға болады және осылай істеу керек те. Советтік жаңа нота батыс державалардың өзін-өзі құрту саясатының альтернативасы бар екенін көрсетіп отыр. Батыс Германиянын қаруландырудың және Германиянын бөлшектелуін сақтаудың орнына, төрт ұлы держава жалыгер-маниялық еркин сайлау туралы, Шығыс және Батыс Германиядан оккупациялық әскерлерді әкету туралы және Европада коллективтік хауіпсіздіктің системасын құру туралы маселені талқылау үшін вездесетін болсын.

Ағылшын парламенті таяу уақыттын ішінде Лондон келісімін талқылауға тиіс.

### ЕГИПЕТТІҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИНЕ ҚАСТАНДЫҚ ЖАСАЛҒАН

КАИР, 27 октябрь. (СОТА). Ресми хабарды премьер-министр Насер кеше кешке Александрияда сөз сөйлеп тұрған кезінде белгісіз біреудің Насерге оқ атқандығы туралы хабар берді. Насер зақымданбаған. Оқ атқан адам тұтқынға алынған.

КАИР, 27 октябрь. (СОТА). Рәми хабарда көрсетілгендей, 26 октябрьде Египеттің премьер-министрі Гамаль Абдел Насерге қастандық әрекет жасалудың байланысты, полиция Каирда «Мусылмандар туыстығы» ассоциациясының 47 мүшесін тұтқынға алған. Атап айтқанда, кәзіргі Египет үкметіне оппозициядағы және 19 октябрьде жасалған Суэц каналы аймағындағы Англияның соғыс базасы туралы келісімге қарсы шыққан осы ұйымның басшы советінің төрт мүшесі тұтқынға алынған.

Тұтқынға алу Александрияда жүргізілуде.

### АМЕРИКАН-ЖАПОН КАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

НЬЮ-ЙОРК, 30 сентябрь. (СОТА). «Чи-каго сан энд таймс» газетінің Вашингтондағы тілшісі Кудін хабарлауы бойынша, Тынық мұхиттың батыс бөлігінде атом және су тегі бомбаларына сынақ жүргізуді тоқтату туралы Жапониянын ұсынысын құрама штаттар қабылдамай қойған. Тілші былай деп атап көрсетеді: американдық топтар Жапониянын сыртқы істер министрі Оказаки бұл маселені мемлекеттік секретарьдың көмекшісі Робертсонмен мемлекеттік департаментке кездескенде көтерді деп жорамалдайды.

сап, оған әрі қажырап күрес жүргізе береді, мұның өзі бүкіл корей халқының бірауызды тілегі болып табылады.

3. Корей мәселесін корейлердің өздері бейбітшілікпен шешетін болу және елімізді бейбітшілікпен біріктіруді, оның тәуелсіздігіне жетуді төдету мақсатымен, мұның өзі бүкіл корей халқының бірауызды тілегі болып табылады. Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы халық жыйналысы VIII сессиясының атынан Оңтүстік Кореяның ұлттық жыйналысына Оңтүстік-Кореяның саяси партиялары мен қоғамдық ұйымдарына халықтың әртүрлі топтарының саяси қайраткерлеріне және бүкіл халқына үндеу жолданыс.

Үндеуде Кореяны біріктіру бүкіл корей халқының ынтызар мүдделеріне сай келе-

дінін жиналғандар қабилеті председателінің орынбасары Хон Мен Хидің баяндамасын тыңдады. Бекітілген заңда жергілікті үкімет орындары мен олардың атқару органдарының міндеттері, сонымен қатар жұмыс тәртібі айқын белгіленген. Жергілікті үкімет органдары халық жыйналыстары деп, ал атқару органдары—халықтық комитеттер деп аталатын болады. Сессия депутаттардың өкілдік мерзімін үш жылдан төрт жылға дейін ұзарту туралы ұсынысты қабылдады. Мәжілісте КХДР Жоғарғы халық жыйналысы VIII сессиясының Үндеуі бірауыздан қабылданды. Сессия сонымен қатар Хванхэ провинциясының екі провинцияға— Солтүстік және Оңтүстік Хванхэ провинцияларына беру туралы, жаңадан Лаган провинциясын құру туралы заңды бекітті.

### Польша Халық Республикасының басқа елдермен сауда байланысы

ВАРШАВА, 30 октябрь. (СОТА). Польша Халық Республикасының дүние жүзіндегі әртүрлі елдермен сауда байланысы жыл сайын нығая және кеңейіп түсіп отыр. Кәзіргі уақытта Польша Халық Республикасының 70-тен аса елдермен сауда байланысы бар. Соғыстан бұрынғы мерзіммен салыстырғанда Польшаның сыртқы сауда айналысы екі еседен астам өсті.

Халық өкметі тұсында Польшаның Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және демократиялық лагердегі басқа да елдермен экономикалық байланысы ерекше нығайды. Кәзіргі уақытта Польшаның сыртқы саудасына ССРО-ның қатынасы 33,5 процент болып отыр.

Халық демократиялық өкметтің тұсында

поляк экспорттың структурасы түбірімен өзгерді. Соғысқа дейін жалпы экспорттың 72 проценті шикізаттар мен жартылай дайындалған заттар, 22 проценті ауылшаруашылық өнімдері, тек 6 проценті ғана дайын бұйымдар болатын. Кәзіргі уақытта поляк экспортында машиналар мен жабдықтар ерекше орын алады. Польша экспортқа теңіз сауда кемелерін, темір жолдың жылжымалы составтарын, станоктерді, ауыл шаруашылығының жаңа машиналарын, тоқыма бұйымдар мен басқа да товарларды шығарады. Польша экспортында өндірістің дайын бұйымдарын шығару соғыстан бұрынғы мерзіммен салыстырғанда бірнеше есе өсті.

### ПОЛЬШАДА МАШИНА ЖАСАУ МЕН

ВАРШАВА, 31 октябрь. (СОТА). Польшада машина жасау мен приборлар жасау жылдан-жылға жаңа жетістіктерге жетіп келеді. Соғыстан бұрынғы мерзіммен салыстырғанда машина жасау өнеркәсібінің өнімдері 9 есе, ал станок жасау 20 еседен астам өсіп отыр. Өткен жылы машина жасау заводтарында, приборлар жасау кәсіпорындарында 100-ге тарта жаңа типті машиналар жасау, подчиниктердің 40-тан аса типтерін және байқау-өлшеу приборлары, электротехникалық құрал-жабдықтардың 50-ден аса типтері, тағы басқалар өндіру жолға қойылды.

Үстіміздегі жылы заводтарда бірнеше ондаған жаңа машиналар жасау жолға қойылып отыр. Тек станок жасау өнеркәсібінің өзі ғана үстіміздегі жылдың ал-

### ПРИБОРЛАР ЖАСАУДЫҢ ӨРІСТЕТИЛУ

ғаншы үш тоқсанының ішінде станоктардың 20 типін үдемелі өндіруді меңгерді. Үстіміздегі жылдың он айы ішінде металл өңдейтін станоктар жасау өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 32 процент, ағаш өңдеу станоктерін жасау 40 процент, пререстер жасау 10 проценттен астам өсіп отыр.

Электротехникалық жабдықтар жасау заводтары быйылғы жылдың 9 айы ішінде бұрын Польшада жасалып отырған электротехникалық аппараттардың 30 типін жасап шығаруды жолға қойды. Жаңа аппараттардың ішінде кеме жасаудың маңызды приборлары, өнеркәсіптің таулық және басқа да салаларының маңызды приборлары бар.

### АЛБАНИЯ БАСПАСӨЗІ БОЛГАР-АЛБАН КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ

ТИРАНА, 31 октябрь. (СОТА). Албания баспасөзі Албания үкімет делегациясы мен Болгар үкіметі арасында Софияда өткізілген албан-болгар келіссөздері туралы бірлескен мазмұндамасын жариялаған. Газеттер ұзақ мерзімге қарыз беру, сол сыяқты, 1955 жылға товар айырбастау мен төлемдер туралы протокол жөніндегі албан-болгар келісіміне қол қойылуын кеңінен түсіндіреді, жаңа келісім туысқан екі халықтың бейбітшілік пен өз халық-

тарының әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатындағы достық байланысты бұрындан да нығайтуға ұмтылып отырғанының айқын айғағы болып табылады, деп атаған.

Газеттер Совет Одағының Албания мен Болгарияның халық шаруашылығын, мәдениетін өркендету мен еңбекшілердің тұрмыс халін жақсартуға көрсетіп отырған көмегінің зор маңызы бар деп атап көрсетеді.

### ССРО-ның ВДР-дегі елшісінің Ханойға келуі

ПЕКИН, 30 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Ханойдағы тілшісінің хабарына қарағанда, ССРО-ның Вьетнам Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі елшісі А. А. Лаврищев және совет елшілігінің мүшелері кеше Ханойға келген.

Жиа-Лам аэродромында совет елшісі мен елшілік қызметкерлерін мыналар қарсы алған: ВДР премьер-министрінің орынбасары және сыртқы істер министрі Фам Ван Донг, вьетнамдық Лао-Донг партиясының бас секретары Труонг Шин; министрлер, Вьетнам Ұлттық жыйналысының, Вьетнамның Ұлттық біріккен майданының, Вьетнам-совет достығы қоғамының, бейбітшілікті қорғаудың Вьетнам комитетінің, Ханойдың соғыс-әкімшілік комитетінің, халық ұйымдарының өкілдері, сонымен қатар КХР-дың ВДР-дегі елшісі Ло Гуй-бо, Вьетнамдағы байқау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссиядағы поляк өкілі П. Орродзинский.

Фам Ван Донг пен елші А. А. Лаврищев сөз сөйледі.

### Аньшань металлургия комбинатында

ПЕКИН, 31 октябрь. (СОТА). КХР мен ССРО арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтың айқын айғағы—совет мамандарының Қытайдың экономикалық құрылысына көрсеткен көмегі болып табылады.

«Женьминьжибао» газеті совет мамандарының Қытайдағы ең ірі металлургиялық кәсіпорындарының бірі Аньшань металлургиялық комбинатына көрсеткен көмектері туралы айтады.

Үстіміздегі жылдың январінен октябріне дейін, деп хабарлайды газет, совет мамандары кәсіпорындарын басқаруды жақсарту, жаңа техникалық әдістерді қолдану және жұмысшы күші мен шикізаттарды үнемдеу жөнінде 10 мыңнан аса ұсыныстар енгізді. Совет мамандарының нақтылы көмектерінің арқасында ірі прокат цехында тек сентябрьдің ішінде ғана өндірістік 5 рекорд жасалды. Аньшань прокатшыларының тәжірибелерін елдегі басқа да заводтардың металлургиялары қызу қолдауда.

Газет ең көп жетістіктерге күрделі құрылыстарда қол жетті, деп атап көрсетеді. Толық емес мәліметтерге қарағанда, үстіміздегі жылы совет мамандарының тәжірибелерін игерудің нәтижесінде тек күрделі құрылыстардың өзінде ғана 2400 миллион юань үнемдеуге қол жетті. Совет мамандары мен достық ынтымақтастықта алынған тәжірибелерді Аньшань техниктері мен инженерлері Қытайдың жаңа металлургиялық заводтары құрылысын жобалауда пайдаланады.

БҰӘНОС-АЙРОС, 31 октябрь. (СОТА). «Ахенсиа Латина де Нотисиас» агенттігі тілшісі Чилиден полиция кәсіподақтары мен демократиялық ұйымдардың көптеген мүшелері мен басшыларын тұтқынға алды, деп хабарлайды. Тауруда өнеркәсіп жұмысшылары кәсіподағының лидері Эмилиано Себастьян және металлургиялық өнеркәсіп жұмысшылары кәсіподағының

председателі Хуан Монто, сол сыяқты, профессор Аугусто Сепуальведа тұтқынға алынған.

Сондай-ақ, Коммунистік партияның конгрестегі депутаты Сиприано Уррутиа мен кәсіподақ қозғалысы басшыларының бірі Рене Эстуардо Пульгар тұтқынға алынды.

### ҚЫТАЙДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ БӨЛШЕНТЕРІН ЖАСАЙТЫН АЛҒАШҚЫ ЗАВОДТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ПЕКИН, 31 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарлауы бойынша, Пекинде Қытайдағы автомобиль бөлшектерін жасайтын алғашқы заводтың құрылысы басталған, онда кәзіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан Қытайдағы алғашқы автомобиль заводы үшін бөлшек-

тер дайындалатын болады. Кәзір котлован қазу жұмысы басталды. Совет Одағы мен Чехословакияға заказ берілген, сол сыяқты Қытайдағы машина жасау заводтарында жасалынған станоктар мен жабдықтардың бір бөлегі кәзіргі өзінде құрылыс алаңына жеткізілді.

### ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ХАЙ-ДУОНГКЕ КІРУІ

ШАНХАЙ, 31 октябрь. (СОТА). Вьетнам хабар беру агенттігі кеше таңертең Вьетнам Халық Армиясының бөлімдері екі жақтың арасындағы қол жеткен ережеге сәйкес Хай-Дуонг қаласына (Солтүстік Вьетнам) кірді, деп хабарлайды.

29 октябрьде Вьетнам Халық Армиясының бөлімдері Хай-Дуонг қаласының маңындағы аудандарға орналасқан Фа-лай, Кесат және Кам-жианг қалаларына кірген. Вьетнам Халық Армиясын жергілікті тұрғындар құттықтап қарсы алған.

Күнді соғыс қарғынмен, сонымен бірге сыяқты, Құрама Штаттардың Атолле Бикиниде атом бомбасына сынақ жүргізгендегі құрбандықтардың орнын толтыруы жайында да мәселе көтерген. Қу Құрама Штаттар бір миллион доллар төлеуді ұсынғанмен, Жапония оны құрбандықтардың орнын толтыруға жеткілікті емес тауып қабылдамай қойған, деп көрсетеді.

### ДАЛЛЕСТИҢ ТАЯУ ЖӘНЕ ОРТА ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНЕ БАРАТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ИРАН ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

ТЕГЕРАН, 27 октябрь. (СОТА). «Этте-лаат» газетінің Анкарадағы америка елшілігінен алынған хабарларға сүйеніп жазуына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес таяу уақыттың ішінде Орта және Таяу Шығыс елдеріне, оның ішінде Иранға, Түркияға, Пәкістанға және Иракка барады, сөйтіп орташығыстық соғыс пәкісін құру туралы осы елдердің саяси қайраткерлерімен келіссөздер жүргізетін болады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

**Жолдас Сен**

# ЛЕНИН ТУЫ

газетіне жазудың ба?

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

1 айға — 4 сом 35т.
3 айға — 13 сом 05т.
6 айға — 26 сом 10т.
1 жылға — 52 сом 20т.

Жолдас Сен

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДАУЫЛ»  
Сеанстар сағат 3, 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«КҮМІС ТОЗАҢ»  
Сеанстар 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Мәдениет және демалыс паркіне уақытша жұмысқа жұмысшылар керек. Еңбекақы келісім бойынша төленеді.  
Жұмыс бабы жөнінде парктің кеңсесіне келіп түсінік алуға болады.

Петропавл аудандық финан бөліміне күзетші, пеш жағушы керек.  
АДРЕС: Құбышев көшесі, 31-үй (Ойқала).

«Прогресс» артеліне түпкілікті жұмысқа шұжық жасаушы шебер, үй күзетуші және қызметші керек.  
АДРЕС: Гоголь көшесі, 27-үй.

Петропавлдың медициналық училищесіне қызметшілер, жұмысшылар және пеш жағушылар керек.  
АДРЕС: Пролетар көшесі, 4-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және насихат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.